



ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Мажарстан Президенті Тамаш Шуйокпа құттықтау жеделхатын жолдап, Әулие Иштван күнімен құттықтады.

Қазақстан Президенті жеделхатта екі ел арасындағы дәстүрлі достық пен бауырластыққа негізделген қарым-қатынастың қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті.

Сонымен қатар бірлескен күш-жігер арқылы Қазақстан мен Мажарстан арасындағы стратегиялық серіктестік қос халықтың игілігі жолында өркендей беретініне сенім білдірді.

ӘЛИЯМЕН АТТАС АРУЛАР

Биыл халқымыз үшін ерекше тарихи кезең. Жеңістің 80 жылдығы, Кеңес Одағының Батыры, Екінші дүниежүзілік соғыстың даңқты мерген қызы Әлия Молдағұлованың 100 жылдығы қатар тойланып отыр.



→ 8

ӨЗЕКТІ

«Инвестиция құйсаң, ай сайын табысқа кенеліп отырасың». Бүгінде Қазақстанда осындай «жылтыр уәдеге» алданған мыңдаған адам қаржылық пирамиданың құрбанына айналып отыр. Әсіресе, жаңа технологияның дамуымен мұндай алаяқтық түрі әлдеқайда қауіпті сипатқа ие болды.



ЖЫЛТЫР ЖАРНАМА ЖАРҒА ЖЫҚПАСЫН

2025 жылдың алғашқы жартыжылдығында елімізде 86 мыңнан астам адамды тартқан 36 қаржы пирамидасына тосқауыл қойылды. Қаржылық мониторинг агенттігінің дерегінше, жыл басынан бері жалған инвестициялық жобалар туралы ақпарат таратумен айналысқан 7 мыңнан астам интернет-сайт бұғатталған. Бұл көрсеткіш қаржы нарығында әлі күнге дейін түйіні тарқамаған мәселенің көптігін, оңай олжаны көздеген алаяқтар айналасын емін-еркін іске асырып жүргенін көрсетеді.

(Жалғасы 5-бетте)

АҚОРДА



ҚАРЖЫ МАҚСАТҚА САЙ БӨЛІНУГЕ ТИІС

Ақордада Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен ұлттық экономика және бюджетті жоспарлау мәселелері жөніндегі жиын өтті.

Іс-сараға Премьер-Министр Олжас Бектенов, Президент Әкімшілігінің басшысы Айбек Дәдебай, Ұлттық банк төрағасы Тимур Сүлейменов, Жоғары аудиторлық палата төрағасы Әлихан Смайылов, Премьер-Министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі

Серік Жұманғарин және басқа да лауазымды тұлғалар қатысты.

Ұлттық экономиканың қазіргі жай-күйі мен даму перспективасы, сондай-ақ 2026-2028 жылдарға арналған республикалық бюджеттің параметрлері туралы баяндамалар жасалды.

Талқылау барысында Мемлекет басшысы республикалық және жергілікті деңгейде қаржыны тиімді жоспарлау мен бөлудің маңызы зор екенін атап өтті.

Президент бюджеттің теңгерімділігін қамтамасыз етуге, барлық әлеуметтік міндеттемелер мен өнімдердің ұзақмерзімді жоспарларын қаржыландыруға, сонымен қатар қаражатты мақсатқа сай бөлуге және игеруге баса назар аудару қажет деп санайды.

ҚЫРҒЫЗ РЕСПУБЛИКАСЫНА РЕСМИ САПАРМЕН БАРАДЫ

22 тамыз күні Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Президент Садыр Жапаровтың шақыруымен Қырғыз Республикасына ресми сапармен барады.

Бішкекте мемлекеттер басшылары қазақ-қырғыз стратегиялық серіктестігі мен одақтастық қатынастарын одан әрі нығайту мақсатында келіссөз жүргізеді.

Сондай-ақ президенттер Қазақстан мен Қырғызстанның Жоғары мемлекетаралық кеңесінің отырысына қатысады.

ҚОҒАМ

SERGEK СЕНІМДІ АҚТАДЫ МА?

Осы уақытқа дейін «Сергекті» сынамаған адам аз. Бірі «айыппұл жазудан басқа жұмысы жоқ» деп цифрлы камераға сескене қараса, енді бірі қаладағы қауіпсіздікті қамтамасыз еткеніне шын қуанды. Жақында Астанада «Сергек» камераларының орнына Біріккен Араб Әмірлігінің Presight компаниясы келеді деген ақпарат шықты. Жұрт «отандық «Сергекпен» жылап қауышпайық» деп тағы да қызу пікірталас туғызды. «Сергек» камералары Астанадан неге кетті? Шетелдік компанияның жаңа жобасы тиімді ме? Зерттеп көрдік.

(Жалғасы 6-бетте)



БІЛІМ

ҰЛТТЫҚ МӘРТЕБЕ – УНИВЕРСИТЕТКЕ АРТЫЛҒАН СЕНІМ

Қарағанды қаласындағы Бөкетов атындағы университет бұдан бұрын зерттеу атағына ие болса, бір апта бұрын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен Ұлттық мәртебесін алды. Осы қуанышты хабарды университет ұжымына салтанатты түрде жеткізу мақсатында Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Парламент Мәжілісінің Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің Төрағасы Асхат Аймағамбетов және депутаттар келді.

→ 7



АҚПАРАТ

21 ТАМЫЗ 2025 | БЕЙСЕНБІ

СЕНАТ



САРАПШЫЛАР ДӘРІС ӨТКІЗДІ

Сенат жанындағы Сарапшылар клубының мүшелері мен «Талдау мектебінің» түлектері Абай және Павлодар облыстарының жастарына арналған бірқатар дәрістер өткізді. Ұлы ойшыл Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналған бұл бастама – Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаевтың қолдауымен жүзеге асқан алғашқы жоба болды.

«Сенат – өңірлердің мүдделерін қорғайтын ең жоғарғы өкілдік орган. Осыған байланысты Сенат Спикері өңірлермен жүйелі өзара іс-қимылға және олардың бастамаларын қолдауға айрықша назар аударады. Мәулен Әшімбаев Палата сарапшылық қауымдастығының әлеуетін тиімді пайдалану қажеттігін атап өтті. Осы міндет аясында біз жастарға арналған дәрістер сериясынан тұратын жобаны іске қостық», – деді Сенат Төрағасы Хатшылығы меңгерушісінің орынбасары Жасұланбек Майлыбай.

Сарапшылар жастардың дүниетанымын кеңейтіп, тұлғалық дамуына ықпал ететін бірнеше бағыт

бойынша сөз сөйледі. Тақырыптар қатарында кәсіби дағдыларды дамыту, жасанды интеллектті пайдалану, менталдық денсаулық, кәсіпкерлік және басқа да өзекті мәселелер болды. Қатысушылар мұндай кездесулерді тұрақты өткізу қажеттігін атап өтті. Дәрістер қорытындысында ең белсенді тыңдаушыларға кітаптар сыйға тартылды.

Кездесулер Павлодарда және Семейде өтіп, кейін Абайдың кіндік қаны тамған жері – Қарауыл ауылында жалғасын тапты. Мұнда дәрістер негізінен еріктілерге, мектеп оқушыларына және ұстаздарға арналды. Сондай-ақ сарапшылар тарихи-мәдени орын – Жидебайға барып, Абай рухына тағзым етті.

БІРІНШІ БАЙЛЫҚ

ЕКІ АДАМҒА АРАШАШЫ БОЛДЫ

Павлодар қаласындағы №1 қалалық ауруханада 44 жастағы тұрғынның қайтыс болғаннан кейінгі донор болуына байланысты көп ағзалық трансплантация отасы сәтті жүргізілді. Бұл туралы Денсаулық сақтау министрлігі хабарлады.



Бұл операция республикалық деңгейде үйлестіріліп, арнайы мамандардың қатысуымен өтті. Донордың жүрегі мен бүйректері екі түрлі пациентке ауыстырылып, олар өмірлік маңызды медициналық көмекті дер кезінде алды.

Ағзаларды алу мен жеткізу процесіне Ұлттық ғылыми онкология орталығы мен УМС корпоративтік қорының трансплантолог-дәрігерлері қатысты. Науқастар, яғни ағзаны қуту парағында тұрған азаматтар бірден республикалық тіркелім арқылы анықталып, операция шұғыл жасалды.

Бұл жағдай елімізде қайтыс болғаннан кейінгі донорлық пен трансплантология саласының маңыздылығын тағы бір мәрте көрсетті. Донор болған азаматтың туыстары келісім беріп, екі адамның өмірін сақтап қалуға себепкер болды.

Биылғы 10 тамыздағы мәлімет бойынша, елімізде трансплантацияны күтіп жатқан адамдар саны 4 384-ке жетті. Олардың арасында: 3 890 ересек пен 90 балаға – бүйрек, 201 ересек пен 21 балаға – бауыр, 25 ересек пен 2 балаға – өкпе, 143 ересек пен 6 балаға – жүрек, 4 ересек пен 2 балаға жүрек-өкпе кешені қажет.

БАҚ – КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМАНЫҢ ДІҢГЕГІ

Кеше Астанада «Конституциялық реформа және БАҚ дамуы» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

Дөңгелек үстелге Сенат депутаты, «Бас редакторлар клубы» ҚБ президенті Бибігүл Жексенбай, Мәжіліс депутаты, «Халықаралық заңгерлер қауымдастығы» ҚБ президенті Марат Башимов, Республикалық заң консультанттары палатасының төрағасы Серік Ақылбай, «Азаматтық альянс» ЗТБ атқарушы директоры Нұрас Ералы, Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат комитеті төрағасының орынбасары Әлішер Мұқажан, «Абай» телеарнасының директоры Еркін Мұхамеджанов, «Қазақ газеттері» ЖШС бас директорының орынбасары Қамбар Ахметов, «Бас редакторлар клубының» вице-президенті Мұратбек Токтағазин, Qazcontent АҚ төрайымы Айна Задабек, QR news порталының директоры Нұрбол Төлебаев, «Бас редакторлар клубының» атқарушы директоры Бибігүл Құламан, журналист, медиаменеджер Абай Сейфолла қатысты.

Басқосу барысында БАҚ-тың конституциялық реформаны ілгерілетудегі ролі, халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру, мемлекет пен қоғам арасындағы диалогты қалыптастыру мәселелері талқыланды. Қатысушылардың айтуынша, реформалардың мән-мағынасын кең аудиторияға жеткізуде және демократиялық процестерге деген сенімді нығайтуда БАҚ басты құрал болып табылады. Спикерлер БАҚ қызметінің құқықтық негіздерін нығайту, олардың жауапкершілігі мен тәуелсіздігі, азаматтық қоғам институттарымен өзара іс-қимыл мәселелеріне ерекше назар аударды.

«Халықаралық тәжірибеге жүгінсек, дамыған елдерде құқықтық мәдениет мектептен бастап қалыптасады. Азаматтарға қолжетімді ақпараттық ресурстар, заңгерлік консультациялар, онлайн сервистер арқылы құқықтық қолдау көрсетіледі. БҰҰ мен ЕҚЫҰ-ның ұсынымдарында да халықтың құқықтық



білімін арттыру – тұрақты дамудың негізгі факторы ретінде белгіленген», – деп атап өтті Бибігүл Жексенбай.

«Конституциялық реформа бұл тек құқықтық жүйедегі өзгерістер ғана емес, сонымен қатар демократиялық құндылықтарды нығайту. Бұл ретте БАҚ ерекше рөлге ие, себебі олар қоғамға реформалардың мәнін түсіндіріп, оның нәтижелеріне деген сенімді қалыптастырады», – деді Марат Башимов.

Дөңгелек үстел «Бас редакторлар клубы» ҚБ мен Конституциялық сот арасындағы өзара ынтымақтастық туралы меморандум аясында өтті. Іс-шара қорытындысы бойынша қатысушылар құқықтық мәдениетті дамыту және демократиялық процестерде БАҚ ролін нығайту бағытында диалогты әрі қарай жалғастыруға және журналистердің құқықтық сауаттылығын арттыруға арналған оқыту сабақтарын өткізуге уағдаласты.

ЗАҢСЫЗ АҚША ЖИНАТҚАН

Елордада жасөспірімдерді пайдаланып, қоғамдық орындарда заңсыз ақша жинау жағдайы тіркелді.



Астана қаласының прокуратурасы саябақтарда, ойын-сауық орталықтарында, қоғамдық көліктерде және көшелерде рейд жүргізді.

– Барлығы 8 кәмелетке толмаған (2008–2010 жылдары туған) жасөспірім анықталды. Оларды үш қайырымдылық қоры ешқандай шарт жасамай, волонтер ретінде тартқан (Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 86-бабының 3-бөлігін бұзу). Аталған қорлар «қайырымдылық» деген желеумен шамамен 340 млн теңге қаржы жинаған, – деген ақпарат алдық.

Қазір аталған факті бойынша (Қылмыстық кодекстің 190-бабы 2-бөлігінің 1-тармағы бойынша) қылмыстық іс қозғалды.

– Кәмелет жасына толмаған балаларды заңсыз әрекетке тартқаны үшін қор басшыларының іс-әрекетіне бөлек құқықтық баға беріледі. Осы орайда кәмелетке толмағандарды құқықбұзушылыққа тарту қылмыстық жауапкершілікке әкелетінін түсіндіреміз (Қылмыстық кодекстің 132-бабы). Одан бөлек, Еңбек кодексінің 31-бабында кәмелетке толмағандарға ерекше еңбек шарттары қарастырылған (16 жасан бастап еңбек шарты міндетті түрде жасалуы тиіс, ал 14 жасан бастап заңды өкілінің келісімімен ғана рәсімделеді), – делінген хабарламада.

Сондай-ақ қалалық прокуратура аталған талаптарды бұзған жұмыс берушілер Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 86-бабы бойынша жауапкершілікке тартылатынын хабарлап отыр.

– Қайырымдылық қорлары мен ата-аналар балалардың заңсыз әрекеттерге қатысуына жол бермеу үшін олардың жұмысына, соның ішінде волонтерлік және басқа да іс-шараларға қатысқанда мұқият болуға шақырамыз, – деп ескертеді ведомство.

СТАЛКИНГ – ЕНДІ ҚЫЛМЫС

Азаматтардың жеке бас бостандығын қорғау жөніндегі шараларды күшейту мақсатында және «Заң мен Тәртіп» тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде 2025 жылғы 16 шілдеде Мемлекет басшысы Қылмыстық кодекске 115-1 – «Сталкинг» жаңа бабы енгізілген заңға қол қойды. Бұл туралы Бас прокуратура мәлім етті.



Сталкинг – бұл адаммен қарым-қатынас орнатуға және (немесе) оның еркіне қайшы келетін, зорлық-зомбылықпен ұштаспаған, елеулі зиян келтірген әрекеттерді білдіретін адамды заңсыз қудалау. Отандық заңнамада мұндай әрекеттер үшін 200 АЕК-ке дейін айыппұл, 200 сағатқа дейін қоғамдық жұмыстар немесе 50 тәулікке дейін қамауға алу түріндегі қылмыстық жауапкершілік алғаш рет көзделген.

– Егер сталкинг зорлық-зомбылық, қорқыту, бопсалау, жеке өмірге қол сұғылмаушылықты бұзумен қатар жүрсе, іс-әрекеттер ҚК-нің басқа баптары бойынша қосымша сараланатын болады. Сталкинг бабы бойынша қылмыстық қудалау нақты зиян болған кезде басталатынын білу маңызды – мысалы, жеке өміріне қол сұғылмау, еркін жүріп тұру құқықтарынан шектеулері немесе психологиялық қысым көрсету, – делінген хабарламада.

Жауаптылықты енгізудің мақсаты – құрбандарды ерте кезеңде қорғау және зорлық-зомбылық пен агрессивті мінез-құлыққа мөлдем төзбеушілік қалыптастыру. Өз құзыреті шегінде жүзеге асырылатын құқық қорғау органдарының заңды әрекеттері сталкинг белгілеріне жатпайтынын атап өткен жөн.

Бас прокуратура азаматтарды сталкингтің көріністеріне немқұрайлы қарамауға шақырады. Мұндай жағдай туындаған кезде дереу ішкі істер органдарына хабарласу қажет.

Дайындаған
Мейір ЖАСЫН

БАҒДАР

21 ТАМЫЗ 2025 | БЕЙСЕНБІ



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДИАЛОГ НЫҒАЮДА

Астанада «AMANAT» партиясының Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек Корея Республикасы Ұлттық Ассамблеясының депутаты, Корея Демократиялық партиясының өкілі, ICAPP Парламенттік одағының төрағасы Ли Ге Хо бастаған Корея Республикасы Ұлттық Ассамблеясының Азия саяси партияларының халықаралық конференциясы (ICAPP) Парламенттік одағының делегациясымен кездесті.

Делегация құрамына Корея Республикасы Ұлттық Ассамблеясының депутаттары — түрлі саяси партияның өкілі және Корея Республикасының Қазақстандағы Елшілігінің қызметкерлері енді. Сөз басында Дәулет Кәрібек Қазақстан мен Корея бір-бірін достықтың, өзара сыйластықтың және тең құқылы ынтымақтастықтың көпжылдық тығыз қарым-қатынасы байланыстырып тұрған стратегиялық серіктестер ретінде қарастыратынын атап өтті. «AMANAT» партиясының Атқарушы хатшысы елімізде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың басшылығымен ауқымды саяси және экономикалық реформалар жүзеге асырылып жатқанын жеткізді. «AMANAT» парламенттік көпшілік партия ретінде оң өзгерістерді белсенді түрде қолдап келеді. Мәселен,

қаржылық сауаттылықты арттыруды көздейтін «Қарыссыз қоғам», жерді мемлекет меншігіне қайтаруға арналған «Жер аманаты», ауыл тұрғындарының әл-ауқатын арттыруға негізделген «Ауыл аманаты» жобаларын, сондай-ақ азаматтардың тұрмысын жақсартуға бағытталған өзге де бастамаларды жүзеге асырады. Кездесуде ICAPP шеңберіндегі өзара байланысқа ерекше назар аударылды. «AMANAT» партиясының Атқарушы хатшысы «AMANAT» ICAPP-ты диалог пен ынтымақтастық орнатудың бірегей алаңы ретінде қарастыра отырып, Азия мен Мұхит аймағындағы ірі саяси күштермен өзара байланысты дәйекті түрде нығайтып келе жатқанын және осы ұйымның негізгі іс-шараларына белсенді қатысатынын мәлімдеді.

Өз кезегінде, ICAPP Парламенттік одағының төрағасы Ли Ге Хо Қазақстанның Орталық Азиядағы Корея Республикасының стратегиялық серіктесі ретіндегі маңызын атап өтті. Оның айтуынша, ICAPP әртүрлі идеология мен дәстүрді ұстанатын 350-ден астам партияны біріктіреді. Дәл осындай формат айырмашылықтарды еңсеріп, сенім орнатуға ықпал етеді. Тараптар ICAPP шеңберінде ынтымақтастықты одан әрі дамытуға дайын екенін растап, парламентарийлер, жастар және сараптамалық құрылымдар арасындағы байланысты жандандыруға уағдаласты. Айта кетейік, биыл Азия саяси партияларының халықаралық конференциясы (International Conference of Asian Political Parties, ICAPP) құрылғанына 25 жыл толып отыр. Аталған ұйым 2000 жылы Филиппин астанасы Манилада құрылып, Азия мен Мұхит аймағы елдерінің саяси партияларын біріктіретін басты диалог алаңына айналды. ICAPP бүгінде Латын Америкасы, Африка және басқа да өңірлердегі серіктес құрылымдармен тығыз байланыс орнатқан.

АЛАКӨЛ ЖАҒАЛАУЫНДАҒЫ ЖАҒДАЙМЕН ТАНЫСТЫ



Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Болат Керімбек Жетісу облысына жұмыс сапары аясында Алакөл көлінің жағалауындағы демалыс орындарының қазіргі жағдайымен танысты. Жетісу облысы құрылғаннан бері Алакөл ауданына 4,8 млн астам турист келген. Депутат коммуналдық жағажай мен бірқатар туристік нысанды аралап, инфрақұрылым мәселесіне назар аударды. Атап айтқанда, санитарлық тазалық, көріз жүйесі, көлік бақылау және инженерлік инфрақұрылым жайы қозғалды.

Мәжіліс депутаты Болат Керімбек инфрақұрылымды жетілдіру жұмысын әрі қарай жалғастырудың маңызын атап өтті. — Алакөл — тек Жетісу облысының емес, тұтас еліміздің туристік бренді.

Соңғы жылдары мұнда ауқымды жұмыстар жүргізілді. Электр жарығы мен интернет мәселесі шешілді. Кәріз жүйесі салынып жатыр. Бірақ әлі де жүйелі шешімді қажет ететін мәселелер бар. Біз үшін басты мақсат — табиғат байлығын сақтай отырып, халыққа жайлы жағдай жасау. Бұл бағытта мемлекет пен кәсіпкерлердің күші біріктіріуі аса маңызды, — деді депутат. Айта кетейік, кейінгі жылдары Алакөл жағалауында инфрақұрылым едәуір жақсарды. Туристік нысандар саны бір жылда 270-тен асты. Ұзындығы 56,7 шақырым электр желісі мен қосалқы станса салынып, үздіксіз жарық берілуде. Жағалау интернетпен қамтылып, 16 базалық станса орнатылды. Ақши ауылында 69,7 шақырым көріз желісі тартылып, тазарту құрылғысының құрылысы басталды. Биыл санитарлық жағдайды жақсарту үшін 22 торап, 220 контейнер, 7 техника берілді. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатымен көлде 4 инспектор, 12 құтқарушы және 46 полиция қызметкері кезекшілік атқаруда. Сонымен қатар «AMANAT» партиясының 2023-2027 жылдарға арналған сайлауалды бағдарламасы аясында Жетісу облысына қарасты Алакөл, Кербұлақ, Панфилов аудандары мен Талдықорған қаласында 684,4 шақырым электр желілерін күрделі жөндеу көзделуде.

ҚАЖЕТТІ ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚ ТАБЫСТАЛДЫ

Жаңа оқу жылы қарсаңында «AMANAT» партиясы Шымкент қалалық филиалы жанындағы Әйелдер қанаты комиссиясы мен Shymkent City Mall сауда орталығының әкімшілігі бірлесіп, «Баланы мектепке дайындайық!» акциясын ұйымдастырды. Іс-шара аясында әлеуметтік тұрғыда аз қамтылған отбасылардан шыққан 50 балаға мектепке қажет құрал-жабдықтар табысталды. Жиынға «AMANAT» партиясы Шымкент қалалық филиалының төрағасы Мұрат Жолдыхожаев, өңірлік Әйелдер қанаты комиссиясының төрағасы Наргиза Керімбаева және комиссия мүшелері қатысты. Өз кезегінде, Мұрат Жолдыхожаев балаларға қамқорлық жасау баршаға ортақ міндет екенін атап өтті. «Әр балақай — еліміздің ертеңі. Сондықтан олардың жаңа оқу жылына дайындықпен баруына жағдай жасау — баршамызға ортақ міндет. Бұл акция — әлеуметтік қолдау көрсетумен қатар, балалардың бойына сенім ұялатуға, білімге



деген құштарлығын арттыруға бағытталған игі бастама. Біз осындай іс-шаралар арқылы жас ұрпақтың алдағы өмір жолына демеу болып, олардың жарқын болашағына үлес қосамыз», — деді ол. Бұл ретте, Әйелдер қанаты комиссиясының төрағасы Наргиза Керімбаева алдағы уақытта да бұл игі іс жалғасын таба беретінін жеткізді.

«Балаға жасалған қамқорлық — адамгершіліктің айнасы. Біз бүгін бүлдіршіндерге мектепке қажет құрал-жабдық қана емес, ең алдымен, мейірім сыйлап отырмыз», — деді ол. Акция барысында бүлдіршіндер ойынауық орталығына тегін кіріп, анимациялық фильмдер тамашалады. Сондай-ақ балаларға тәтті тағамдар ұсынылды.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ АКЦИЯСЫ БАСТАУ АЛДЫ

«AMANAT» партиясы Павлодар облыстық филиалы дәстүрлі түрде ұйымдастырылып келе жатқан «Баланы мектепке дайындайық!» қайырымдылық акциясын қолға алды. Аталған акция аясында аймақта 50 балаға көмек көрсетілді.



Жаңа оқу жылы қарсаңында мейірімге бөленген оқушылар қатарында дағдарыс орталығының тәрбиеленушілері, Мойылды ауылындағы аз қамтылған отбасылардың балалары, сондай-ақ партияның қоғамдық қабылдау бөлмесіне жүгінген мұқтаж отбасылардың балалары бар. Мектепке қажет құрал-жабдықтарды балалардың өздері тандап алуына мүмкіндік жасалды. Әр оқушыға классикалық және спорттық үлгідегі аяқ киім, сондай-ақ кеңсе тауарлары толған сөмке табысталды. Іс-шара аясында балалар түрлі сыйсыпатқа ие болып қана қоймай, ерекше мерекелік көңіл-күйге бөленді. Оларға тәтті тағамдар ұсынылып, ойындар мен сайыстар ұйымдастырылды. «Балаларды мектепке дайындауға көмектесу — бұл жай ғана материалдық қолдау емес, олардың болашағына

жасалған инвестиция. Әр балақай жаңа оқу жылын жақсы көңіл-күймен қарсы алуға тиіс», — деді Павлодар облыстық мәслихатының депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Асылбек Туғанбай. Өз кезегінде, қалалық мәслихат депутаты, партия фракциясының мүшесі Мадина Мұзапарова да осынау игі істің маңызына тоқталды. «Мен ел жастарының ертеңіне бейжай қарамайтын кәсіпкерлерді, көмек қолын созуға мүмкіндігі бар азаматтарды акция аясында жақсылық жасауға шақырамын. Осындай игі іс арқылы бүлдіршіндерге жаңа оқу жылына қажет заттармен қатар, мейірім мен қамқорлық сыйлай аламыз», — деді ол. Айта кетейік, «AMANAT» партиясының «Баланы мектепке дайындайық!» акциясы тамыз айының соңына дейін жалғасып, еліміздің барлық өңірін қамтиды.

ЖАСТАРҒА ҚОЛДАУ БІЛДІРУ МАҢЫЗДЫ

«AMANAT» партиясы Ақтөбе облыстық филиалының «Жастар Рухы» Жастар қанаты Ақтөбе қаласындағы «Мансап» орталығының филиалымен және қалалық жастар ресурстық орталығымен бірлесіп, «Жастарға жұмыс» бос жұмыс орындар жәрмеңкесін ұйымдастырды. Іс-шараға өндірістік және қызмет көрсету саласындағы 37 компания қатысып, жастарға 248 бос жұмыс орнын ұсынды.



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялап, елдегі нақты сұранысқа ие мамандықтарды дамытуды тапсырған болатын. Осы тапсырмаға сәйкес, жәрмеңкенің басты мақсаты — жастарға жұмысқа орналасу мүмкіндігін ұсынып, кәсіби болашағын айқындауға қолдау көрсету. «AMANAT» партиясы «Жастар Рухы» Жастар қанаты жүзеге асырып келе жатқан «Жастарға жұмыс» жобасы биыл үшінші жыл қатарынан жалғасын тауып отыр. Жоба аясында мыңдаған жас тұрақты жұмыспен қамтылып, кәсіби дамуына жаңа мүмкіндік алуда. Жәрмеңкеге 167 жас жұмыс іздеп келді. Олардың 83-і жұмысқа орналасуға жолдама алса, 53 адам жастар тәжірибесіне бағытталды. Оның бірі — Медет Досмағамбетов. Ол биыл жоғары оқу орнын инженер-механик мамандығы бойынша тәмамдап шықты.

«Теориялық білімімді тәжірибе жүзінде жүзеге асырып, ірі компанияларда еңбек етуді жоспарлап отырмын. Мамандығым инженер-механик болғандықтан алпауыт компанияларда да жұмыс істей аламын. Құжаттарға немерсе көліктерге қатысты жұмысқа да икемім бар. Осы жәрмеңкеде 250-ге жуық бос жұмыс орны ұсынылды. Тау-кен өндірісінде инженер-техниктер мен жұмысшылар, дәнекерлеушілер мен машинист-операторлар тапшы. Олар жас мамандарды мекеме есебінен қосымша оқуға жіберуге дайын», — деді М.Досмағамбетов. Жәрмеңкеде жастар бос жұмыс орындар тізімімен танысып, жас мамандарға сұранысы бар компаниялардың өкілдерімен тілдесті. Олар қызметтегі негізгі талаптар мен жалақы мөлшері, қызметкерлерді әлеуметтік қамтамасыз ету деңгейі сынды көкейкесті сұрақтарына жауап алды.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

21 ТАМЫЗ | БЕЙСЕНБІ

Астанадағы Ұлттық музейде Қазақстан мен Өзбекстанның ғылыми-шығармашыл зиялы-ларының алғашқы форумы өтті. Қос халықтың тарихи, рухани сабақтастығы мен мәдени байланысын нығайту мақсатын-да өткен бұл форумда зиялы қауым өкілдері ортақ тарих, тіл, әдебиет, өнер және рухани мұра мәселелерін талқылады.

ТАРИХИ САБАҚТАСТЫҚ – ЖАҢА СЕРПІН

Іс-шара Өзбекстан Олий Мәжілісі Сенатының Төрағасы Танзила Нарбаеваның Қазақстанға ресми сапары аясында ұйымдастырылды.

Форумға қатысқан Қазақстан Парламенті Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев қазақ-өзбек зиялыларының басын қосқан жиын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тікелей тапсырмасымен ұйымдастырылғанын атап өтті. Сондай-ақ ол бауырлас қос халықтың арасындағы қарым-қатынас ауқымы қатардағы дипломатиялық шенберден әлдеқайда кең екеніне тоқталды.

— Бүгін Қазақстан мен Өзбекстанның ғылыми-шығармашылық зиялы қауымы өкілдері жиналып, бір үстелдің басында бас қосып отыр. Бұл орайда қазақ-өзбек зиялыларының форумы бауырлас халықтардың рухани ынтымақтастығына жаңа жол ашады деп сенемін. Форумның Өзбекстан Олий Мәжілісі Сенатының Төрағасы Танзила Нарбаеваның Қазақстанға ресми сапары аясында өтуі іс-шараның маңызын одан әрі арттыра түседі деп ойлаймын, — деді М.Әшімбаев.

Сенат Төрағасы өз сөзінде екі елді ежелден ортақ дәстүр мен руханият, түбірі бір тіл мен мәдениет біріктіретінін айтты. Сондай-ақ ол Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Танзила Нарбаеваны екіжақты стратегиялық серіктестікті тереңдетуге сіңірген еңбегі үшін II дәрежелі «Достық» орденімен марапаттағаны туралы да айта келіп, бұл құрмет екі ел арасын жақындата түсетініне сенім білдірді.

— Біз тек тату көрші ғана емеспіз. Біздің екіжақты қарым-қатынасымыз шынайы достық пен бауырластыққа негізделген. Салт-дәстүріміз бен рухани құндылықтарымыздың түбірі бір, ортақ мәдени мұра болып саналады. Қазақ халқы өзбек халқына үнемі ілтипат танытып, бауыр ретінде құрмет тұтады. Қуанышта да, қиын-қыстау кезде де бір-бірімізге көмек қолын созып, бауырластық танытып келеміз. Қазіргі шекарамыз жоқ кезде біздің басымызды Ұлы Жібек жолы қосқан еді. Осындай тарихи сабақтастық пен ынтымақтастығымызды одан әрі нығайтып, бүгінгі қарым-қатынасымызға жаңа серпін беруіміз керек, — деді Мәулен Сағатханұлы.

Сонымен қатар спикер екі ел арасындағы білім, ғылым, мәдениет салаларындағы ортақ бастамаларды кеңейту, бірлескен зерттеулер жүргізіп, тәжірибе алмасу, креативті және IT-жобаларды іске асыру бағытындағы жұмыстарды атап өтті.

— Біздің елдеріміз ғылымға үлкен көңіл бөліп отыр. Бұл — қуантарлық жайт. Былтыр Астанада өткен Орталық Азия тарихшы-ларының форумы ортақ тарихымызды кәсіби тұрғыдан қайта қараудың қаншалықты қажет екенін айқын көрсетіп берді. Осыған байланысты алдағы уақытта бірлескен зерттеулерді, мұрағаттарға қол жеткізу жолын және жоғары оқу орындары арасындағы ғылыми байланыстарды дамыту аса маңызды. Шын мәнінде, біздің мәдениет, білім, ғылым салаларындағы сүрлеуімізді параллель емес, керісінше, ортақ жолға айналдыруға толық мүмкіндік бар, — деді Қазақстан Парламенті Сенатының Төрағасы.

М.Әшімбаевтың айтуынша, Қазақстанда тұратын этностық өзбектер үшін ана тілін үйренуге және дәстүрлерін сақтауға барлық жағдай жасалған. Мектептер, театрлар мен БАҚ сәтті жұмыс істеп келеді. Ал Өзбекстанда 800 мыңнан аса этностық қазақ тұрады, онда да мәдени орталықтар мен білім беру бағдарламалары жұмыс істейді. Бүгінде Қазақстанда 5 мыңға жуық өзбекстандық студент оқып жатыр.

МАҚСАТ — ӘЛЕМДІК МӘДЕНИ ИДЕЯЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ

Өз кезегінде сөз алған Өзбекстан Олий Мәжілісі Сенатының Төрағасы Танзила Нарбаева Өзбекстан мен Қазақстанды ортақ мүдделер емес, терең тарихи, мәдени және рухани тамырлар байланыстыратынын атап өтті. Қазақ-Өзбек қарым-қатынасында зиялылар форумының өзектілігі мен онда айтылған идеялар мен ұсыныстардың өміршеңдігіне қолдау білдіріп, мұндай тын бастаманың әдеби-рухани, мәдени-

ЗИЯЛЫЛАР ФОРУМЫ: РУХАНИ РЕНЕССАНС ЖОЛЫНДА



гуманитарлық байланыстарды одан әрі кеңейтудегі маңыздылығына тоқталды.

— Қазір біздің елдер арасында жоғары білім беру саласындағы байланыстың тамыры тереңдеп келеді. Мәселен, Өзбекстанда жыл сайын Қазақстанның жоғары оқу орындарының көрмелерін ұйымдастырамыз. Жергілікті консалтингтік компаниялардың қолдауымен білім күндері аясында ұйымдастыратын бұл көрмелерге Қазақстанның қырыққа жуық университетінің өкілдері қатысты. Сондай-ақ қазір Өзбекстан мен Қазақстан жоғары оқу орындары арасында бірлескен төрт бірдей білім беру бағдарламасы іске асырылып жатыр. Осының нәтижесінде бағдарламалар аясында 188 студент білім алып жатыр, — деді Танзила Нарбаева.

Сондай-ақ ол жаңа мүмкіндіктер табылудағына тұрған қазір екі ел «бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып» мәдени туризмді дамытып, бірлескен туристік маршруттар құру және түрлі фестиваль, әдеби киножоба сияқты бағыттар бойынша да бірлесе жұмыс жүргізу қажетін, сонымен қатар креативті индустрияларды бірлесе дамыту, екі елді әлемдегі мәдени идеялардың орталығы ретінде таныту мен халықаралық деңгейге шығу мүмкіндігі туралы сөз қозғалды.

— Екі ел арасындағы рухани байланысты күшейтіп, түрлі жоба жасап, жастарды осы үдерістерге белсенді тарту маңызды. Өйткені жастар мәдениетімізді болашаққа жалғап, тарихымыздың жана буынын қалыптастырады. Бұл орайда біз еліміздегі қазақ тілінде білім алатын мектептерге көмегімізді аямаймыз. Мәселен, дәл қазір Өзбекстандағы 400 мектепте қазақ тілі оқытылады, оның ішінде 162 мектеп — таза қазақ мектебі. Сонымен қатар Өзбекстанда қазақ тілінде жоғары кәсіби білім алуға да мүмкіндік бар. Мысалы, Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогикалық университетінде, Қарақалапақ мемлекеттік университетінде, Гүлстан мемлекеттік университетінде, сондай-ақ Наманган, Жызак және Науаи қалаларындағы педагогикалық институттарда қазақ тілі мен әдебиеті мамандарын даярлаймыз, — деді ол.

Сондай-ақ Өзбекстан Олий Мәжілісі Сенатының Төрағасы, форум қатысушыларын Өзбекстанның Тәуелсіздік күні және Қазақстанның Конституция күні мерекесімен құттықтап, екі ел арасындағы бейбіт, ынтымақтастық достықтың берік болуына тілектестік білдірді.

Қазақ-өзбек ғылыми-шығармашылық зиялыларының форумы келесі кезекте екі елдің ақын-жазушылары мен мәдениет-өнер қайраткерлерінің пікір алмасуымен жалғасты.

Қазақ-өзбек ақын-жазушылары арасындағы достық сабақтастық байланыстардың кейінгі жылдары саябырсып қалғаны туралы сөз қозғаған классик жазушы Төлен Әбдік форумның маңыздылығына тоқталды. Оның айтуынша, «бұрынырақта қазақ қаламгерлері мен өзбек қаламгерлерінің шығармалары алма-кезек қазақ-өзбек тілдеріне аударылып, ақын-жазушылар араласып жататын, бірақ қазір «Бүгінгі қазақ пен өзбектің әдебиетінде кімдер бар? Өзбектерде қандай талантты жазушылар



шығып жатыр?» деген сұрақтарға жауап беру қиын», — деді жазушы. Сонымен қатар Т.Әбдік Орталық Азиядағы азғантай түрік халықтарының әдебиетін жақындастыру керегі жөнінде бастама көтеріп, түрік халықтарына ортақ әдеби сыйлық тағайындау және оның ауқымын кеңейтіп ғылым, өнер, әдебиет саласындағы ортақ табыстарға арнауымызға да болады деген ұсыныс айтты.

ОЙЫ ДА, ТОЙЫ ДА БІР ХАЛЫҚ

Екі елдің ғылыми-шығармашылық зиялыларының басқосуында Өзбекстан Ғылым академиясы вице-президенті Бахром Абдухалимов Орталық Азия аймақтық және жаһандық интеграцияның маңызды тораптарының біріне айналғанына қатысты өз ойын ортаға салып, осы орайда Қазақстан мен Өзбекстанның ортақ тарихи-мәдени мұрасын сақтау мен дамыту мәселесі стратегиялық маңызға ие екеніне тоқталды. Сондай-ақ ол тарихи-мәдени мұраны сақтау жөніндегі кеңес құру және мұндай форумды тұрақты өткізу жөнінде өз ұсынысын айтты.

Ал филология ғылымдарының докторы, академик, «Қазақ газеттері» ЖШС-ның бас директоры Дихан Қамзабекұлы Өзбекстанда қайта жанданған жәдитшілдікті кешенді зерттеу мен насихаттау жұмыстарына ризашылығын білдірді.

— Қазақстанда қазақ жәдитшілдігі 2000 жылдардың басынан зерттеле бастады.

Біздегі жәдитшілдік Алаш ұғымымен астасқан. Бірақ әдебиет пен білімдегі концепция, ағым, бағыт ретінде барша құндылығы, терминологиясы, құрылымы сақталған. Чулпан, Фитрат, Абдолла Авлони, тағы басқа өзбек даналары, ақындары туралы мәлімет, шығармаларының жекеленген аудармалары сол 2000 жылдардың басында қазақ баспасөзіне шықты. Фитраттың «Әмір-Темір сағанасы» пьесасындағы баба аруағына тағзым ететін кейіпкердің: «Уа, алдияр! Езілген, жаншылған, тоналған түрік халқының бір ұлы саған медет сұрап келіп тұр! Саған ойрандалған, гүлі тапталған, бұлбұлының үні ошкен Тұран шырақшысы көмек сұрап келіп тұр! Тұранның қапқаздық өкілі жанып кетті, әзербайжаны жойылды, түркімені алданды, татары тоналды, өзбегі жаншылды, қазағы аштан өлді. Естимісің, алдияр!» деген сөзін оқып, қайран қалғанбыз. Әлмейтін, өшпейтін туынды жаңғырғы осындай болады, — деді Дихан Қамзабекұлы. Сонымен қатар академик сөз соңында қазақ-өзбек әдеби байланыстарын нығайту бағытындағы өз ұсынысын ортаға салды.

Жиын барысында Президент жанындағы Ұлттық ғылым академиясының президенті Ақылбек Күрішбаев, қазақ-өзбек зиялылар форумы ежелден қалыптасқан бауырлас екі ел арасындағы өзара құрмет пен сенімге

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев былтыр Egemen Qazaqstan газетіне «Орталық Азия ренессансы: орнықты даму және өркендеу жолы» деген мақала жариялап, қазақ-өзбек байланыстарына да ерекше тоқталған болатын. Сол секілді Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев те ығнға да Орталық Азия ренессансы хақында жиі айтады. Біздің зиялыларымыз сол президенттеріміз айтқан рухани һәм ғылыми ренессанстың бастамашылары боларына сенеміз, — деді Дархан Қыдырәлі.

ӘЙЕЛДЕР КӨШБАСШЫЛЫҒЫН ДАМУ — ОРТАҚ МІНДЕТ

Өзбекстан Олий Мәжілісі Сенатының Төрағасы Танзила Нарбаева Президент жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия мүшелерімен жүздесті.

Жиынға Парламент мүшелері, бизнес қауымдастықтары және гендерлік теңдік саласындағы сарапшылармен қатар, еліміздің әр өңірінен әйелдердің құқығын қорғау, олардың қоғамдағы рөлін арттыру бағытында белсенді жұмыс істеп жүрген сала өкілдері қатысты. Кездесу барысында Қазақстан мен Өзбекстандағы гендерлік теңдік, әйелдердің саяси және экономикалық белсенділігі, олардың қоғамдағы рөлі, отбасы және бала тәрбиесі мәселелері қозғалды.

Парламент Сенаты Төрағасының орынбасары Ольга Перепечина еліміздегі шағын және орта бизнестегі әйелдердің үлесі осыдан 10 жыл бұрын 30% болса, бүгінде бұл көрсеткіш 49%-ға жеткеніне назар аударды.

— Бұл — кейінгі жылдары қабылданған заңнамалық өзгерістердің жемісі. Әйелдерге берілген заңды құқықтар нақты өмірде іске асуы үшін бірақатар сала бірлесе жұмыс істеу қажет. Негізі, Орталық Азияда әйелдердің құқығы мен мүмкіндіктерін кеңейту бойынша үлкен жұмыстар атқарылып жатыр. Әлі де бірлесе шешуді қажет ететін мәселелер бар, — деді О.Перепечина.

Ал Өзбекстан соңғы жылдары әйелдердің қоғамдағы рөлін күшейту ісінде зор нәтижелерге қол жеткізді. Ел гендерлік теңдік жөніндегі халықаралық рейтингте 110-орыннан 34-орынға көтерілді. Парламент депутаттарының 38 пайызы — әйелдер.

Гендерлік саясат тақырыбына кеңінен тоқталған Танзила Нарбаева әйелдердің құқықтары бүкіл қоғам үшін маңызды екенін ерекше атап өтті.

— Әйелдер мәселесі — тек әйелдердің мәселесі емес. Бұл — бүкіл қоғамның мәселесі. Әрбір мекеме, тіпті ерлер басым жұмыс істейтін ұйымдардың өзі әйелдердің құқықтарын қорғауға жауапты. Өйткені олардың да жары, қызы, анасы бар. Сондықтан гендерлік саясат барлық құрылымға енгізілуге тиіс, — деді ол.

Сондай-ақ ол Өзбекстанда қабылданған «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтары мен мүмкіндіктері туралы» және «Зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы» заңдарға тоқталды. Сонымен қатар Қазақстанда да әйелдер мен балаларды қорғауға қатысты маңызды қадамдар жасалып жатқанын құптап, екі ел басшыларының көзқарастарының ұқсастығын атап өтті.

Іс-шараға қатысқан Мәдениет және ақпарат министрлігі Жастар және отбасы істері комитетінің басқарма басшысы Ақмарал Бозбаева бұл кездесу қазіргі кезең үшін ерекше маңызды екенін айтты. Сондай-ақ ол Қазақстандағы соңғы жылдардағы өзгерістерге тоқталды. Оның айтуынша, 2020 жылдан бастап енгізілген 30 пайыздық квота әйелдердің Парламенттегі үлесін арттыруға жол ашқан. Қазір Мәжіліс депутаттарының шамамен 19 пайызы әйелдер болса, мәслихаттарда бұл көрсеткіш 23 пайызға жеткен.

Еліміздегі әйелдер көшбасшылығын дамыту Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың ерекше назарында. Қазір Президент тапсырмасына сәйкес, әйелдердің көшбасшылығын дамыту, олардың біліктілігін көтеру бойынша бірақатар іс-шара жүргізілуде, заңнамалық деңгейде де өзгерістер жасалып жатыр. Әйелдердің қоғамдағы рөлін арттыру, зорлық-зомбылықтың алдын алу және заңнаманы жетілдіру — Қазақстан мен Өзбекстан үшін ортақ күн тәртібіндегі мәселе. Сондықтан бұл бағыттағы өзара тәжірибе алмасулар мен кедергілерді бірге талдауға арналған жобалар жалғасын таба-тын болады.

Тілегүл ЕСДҰЛИЕТ



ҚАЛАМГЕРЛЕР ДОДАСЫ

Отандық қаламгерлерді қолдап, қазақ әдебиетінің дамуына серпін беруді мақсат еткен «Айбоз» ұлттық әдеби сыйлығына өтінім қабылдау кезеңі аяқталуға жақын. Аталған сайы биыл төртінші рет өткізіледі.

Байқауға «Үздік проза», «Үздік поэзия», «Үздік драматургия», «Үздік әдеби аударма», «Үздік балалар әдебиеті», «Үздік әдеби сын» және «Үздік комикс» номинациялары бойынша бұрын жарияланбаған туындылар қабылданады.

Әдеби бәйгеге қатысқысы келетін қазақстандық қаламгерлердің жас ерекшелігіне шектеу қойылмайды. Сайыстың жүлде қоры — 35 млн теңге. Әр аталымның жеңімпазы 5 млн теңгеден иеленеді.

Қазір ұйымдастырушыларға 66 шығарма түскен. Оның ішінде: «Үздік проза» — 18, «Үздік поэзия» — 10, «Үздік драматургия» — 12, «Үздік әдеби сын» — 3, «Үздік әдеби аударма» — 5, «Үздік балалар әдебиеті» — 17 және «Үздік комикс» аталымына 1 жұмыс жолданған.

Айта кетейік, өтінімдер 2025 жылдың 1 қыркүйегіне дейін www.aiboz.kz сайты арқылы қабылданады. Жеңімпаздар жыл соңында анықталады.

ТҮЙТКІЛ

ЕСЕПКЕ ЕРГЕН ҰТАДЫ

Соңғы жылдары инвестиция кәсіби қаржыгерлердің емес, қарапайым азаматтардың да күнделікті дағдысына айналды. Смартфон мен мобильді қосымша арқылы кез келген адам үшін қор нарығына жоң ашық. Алайда осы қолжетімділіктің көлеңкесінде FOMO атты жаңа құбылыс бой көрсетіп келеді. Fear of Missing Out, яғни «мүмкіндікті өткізіп алу қорқынышы» дегенді білдіретін бұл термин – қазақша айтқанда, басқалар пайда тауып жатқанда өзің қалып қоямын ба деген уайым. Әлеуметтік желідегі «жылдам байығандардың» әңгімелері осы үрейді күшейтіп, көпшілікті есептен гөрі эмоцияға сүйеніп қадам жасауға итермелейді. Нәтижесінде, қып-қызыл пайдаға кенелем деп, керісінше, қып-қызыл шығынға ұшырауың бек мүмкін.

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ

Қазақстандық жеке инвесторлар арасында BCC Invest пен «Робокэш.кз» жүргізген зерттеу бірқатар қызық деректерді ашты. Сауалнамаға қатысқандардың 34,8%-ы өз стратегиясынан айнымай, эмоцияға ермейтінін айтқан. Ал 43,5%-ы кейде FOMO-ға тап болғанымен, сезімін бақылауда ұстайтынын жеткізді. Тағы 13%-ы бұрын табыстан қалып қоямын деп қатты уайымдайтын, бірақ уақыт өте келе салқынқанды болуды үйренген. Ал 8,7%-ы әлі де «пайдадан айырылып қалам ба» деген қорқынышпен активті көбіне ең қымбат кезінде сатып алатынын мойындады. Бұл көрсеткіштер FOMO-ның қазақстандық инвестиция әлемінде сирек емес, керісінше көптеген инвестордың қадамына ықпал ететін маңызды психологиялық фактор екенін аңғартады.

FOMO – бұл адамды табыс әкелуі мүмкін кез келген трендтен қалмауға итермелейтін иррационалды құбылыс. Әсіресе, әлеуметтік желілердің ықпалымен бүгінде FOMO алапат күшке ие болып кетті. Мәселен, біреу криптовалютадан немесе қор нарығынан бірнеше айда капиталын екі еселеп алғанын жарияласа, өзгелерде бірден: «Мен де үлгеріп қалсам ше? Қазір салмасам, ертең кеш болмай ма?» деген ой туады. Жаппай инвестициялау осылайша жалған қауіпсіздік сезімін тудырады: «барлығы кіріп жатса, демек дұрыс» деген иллюзия пайда болады. Ал шын мәнінде, жоспарсыз әрекет еткендерлі нарық айы қоймайды.

«FOMO көбіне нақты стратегиясы жоқ, әлеуметтік желілерден тез дофамин алуға бейім адамдарды қыспаққа алады. Бұл – жай ғана сауатсыздық емес, ол цифрлық үрейшілдік пен қаржылық дайындық жоктығының қосындысы. Соның салдарынан адамдар тек ақша-



сынан емес, өз мақсаты мен бақылауынан да айырылады. Оларда табыстан құр қалып қою үрейі шығынға ұшырау қорқынышынан басым», – дейді Vitis инвестициялық қорының басқарушы директоры Ольга Эм. Сарапшының пікірінше, мұндай мінез-құлық негізінде белгілі бір қаржылық нәтижеге емес, статуска ұмтылу ғана жатыр.

Ал бизнес-жаттықтырушы Акжүніс Брасилова FOMO-ны «эмоциялық вирус» деп атайды. Оның айтуынша, бұл құбылыс адамдардың үнемі «ойынның ішінде болу», осылайша жұрттан артта қалмау қажеттілігін пайдаланады. «Бұрын қаржылық стратегия «барды сақтап

қалуға» негізделетін. Ал қазір әлеуметтік желілер көп ақшаға, шексіз мүмкіндікке ұмтылуды қалыптастырды. «Жұмыс істемей-ақ бөріне үлгеретін» табысты бейнелер желіде өріп жүр. Біз онда жеңілісті емес, тек жеңісті көреміз. Сөйтіп адамдар тәуекелді қауіп ретінде емес, мүмкіндік ретінде қабылдай бастайды», – дейді ол.

Психолог Надия Бөкейханова бұл құбылысты адамның жүйке жүйесі тұрғысынан былайша түсіндіріп берді: «Бұрын қорқыныш, мысалы, үйден, жұмыстан, денсаулықтан айырылу деген нақты бір нәрселермен байланысты болатын. Ал бүгінгі ең басты қорқыныш – мүмкіндікті өткізіп алу. Бұл – абстрактілі,

ӨЗЕКТІ

(Басы 1-бетте)

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ, Алматы қаласы

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚТЫҢ АТЫН ЖАМЫЛҒАН

Жылдам табыстың арбауына түскен қараша халық Алматыда да аз емес. Мәселен, шаһарда жыл басынан бері қаржы пирамидаларынан 1 мыңнан астам адам зардап шеккен. Алматы қаласы бойынша Экономикалық тереп-тексеру департаменті басшысының орынбасары Сабырғали Балғалиұлының сөзінше, осыған дейін қаржы пирамидасын ұйымдастырған 10 алаяқтық жоба қызметі тоқтатылған. Олардың арасында өзін қайырымдылықпен айналысатын тұрғын үй бағдарламасы ретінде таныстырған «Үйлі болайық» атты жалған әлеуметтік жоба да бар. Қайырымдылықтың атын жамылған топ 515 салымшыдан 50 миллион теңгеден астам қаржы жымқырған. Қазір қаржылық пирамидамен айналысқан 6 қылмыстық іс сотқа жолданыпты. Сабырғали Балғалиұлы мұндай алаяқтық жүйеге адам өз еркімен және заң аясынан тыс кіретінін, сондықтан салған ақшаны қайтаруға ешкім кепілдік бермейтінін ескертті.

Макроталдаушы, MBA Аягөз Ханет кейінгі жылдары қаржы пирамидалары бүкіл әлемде қарқынды дамып кеткенін, бұған бірден-бір әсер етуші фактор – сандық платформалар мен онлайн төлем жүйелерінің кеңінен қолданылуы екенін айтады. Оның дерегінеше, «Қаржы тұтынушыларын қорғау: сандық дәуірдегі саясат әдістері» атты зерттеуде сандық дәуірде адамдардың мүмкіндіктері артты, алайда оған қоса жаңа сын-қатер де әкелді: алаяқтық, деректерді ұрлау, жеке деректердің құпиялығының бұзылуы және сандық алаяқтықтың жаңа формалары шықты деп атап көрсетіледі. Бұл құбылыс пирамидаларды анықтауды және тоқтатуды қиындатады, өйткені олар көбіне бақылау аймағынан тыс онлайн платформалар арқылы жұмыс істейді.

– Пирамидалар көлеңкелі экономикадағы ақша айналымын арттырады. Нәтижесінде, ақша айналымы бақылаудан тыс қалып, бұл жағдай қаржы жүйесінің тұрақтылығына және макроэкономикалық саясаттың тиімділігіне қауіп төндіреді. Қаржы нарығында қысқамерзімді дағдарыстар тудырады. Олар инвестициялық ағындарды бұзып, бағалы қағаздар мен депозиттік жүйелердің тұрақтылығын төмендетеді. Нәтижесінде, нарықтағы құбылмалылық артып, экономикалық шешім қабылдауды қиындатады. Халықтың заңды қаржылық институттарға деген сенімін азайтады. Зерттеулер көрсеткендей, дамушы елдерде қаржы пирамидалары көбейген сайын халықтың банкке сенімі азайып, депозиттер бауу өседі немесе төмендейді екен, – деді макроталдаушы.

ПИРАМИДАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРАТЫН КІМДЕР?

Елімізде жиі кездесетін алаяқтық схемаларға көбіне күмәнді инвестициялық жобалар, қасырын пирамидалар, «серіктестік бағдарламалар» мен жоғары

ЖЫЛТЫР ЖАРНАМА ЖАРҒА ЖЫҚПАСЫН



Елшар ҚАБА (қолжазба)

кірісті уәде ететін онлайн-платформалар кіреді. Аягөз Ханеттің айтуынша, елімізде қаржы пирамидаларына ақша құйғандардың басым бөлігі – орта жас шамасындағы азаматтар. Себебі олардың қалтада қаражаты бар болғанымен, инвестициялық тәжірибесі шектеулі. Сондай-ақ егде жастағы адамдар да алаяқтардың арбауына жиі түсіп жатады. Өйткені олар әлі ғаламтордағы түрлі схеманы түсіне бермейді, адамдарға сенгіш болып келеді.

– Халықаралық зерттеулер мен Қазақстандағы практикалық жағдайға сүйеніп айтар болсақ, қазіргі заманғы пирамидалар әдетте жаңа мүшелердің қаражаты есебінен кіріс табу принципімен жұмыс істейді. Ұйымдастырушылар негізінен кәсіби IT-мамандар, психологтер және сөзге шешен адамдар болады. Олар пирамидаларды насихаттау үшін әлеуметтік желілер мен мессенджерлерді, сондай-ақ белгілі адамдардың беделін пайдаланады. Пирамиданың құрбандары көбіне қаржы сауаты төмен, инвестициялық тәуекелдерді дұрыс бағалай алмайтын адамдар. Олар тез пайда табуды көздейді, қысқамерзімді кіріс көзін іздейді және таныстардан, блогерлерден немесе интернеттегі жарнамалардан алынған ақпаратқа сенуге бейім болып келеді. Гендерлік факторға келсек, алаяқтарға әйелдер де, еркектер де бірдей алданады. Криптовалютаға және онлайн инвестициялық жобалар арқылы ұйымдастырылған схемаларға кө-

біне жастар қызығушылық танытады, – деді ол.

«СЕНІМ ЖЕЛІСІ» ӘСЕР ЕТЕДІ

Елде пирамидалардың кең таралуына бірнеше әлеуметтік-экономикалық фактор әсер етеді. Макроталдаушы соның ішінде қазір белен алып отырған, көптің қалтасынан қағылуына жиі себеп болған негізгі төрт факторды атап көрсетті.

– Ең алдымен, мен «сенім желісі» факторын атар едім. Қаржы пирамидалары, ең алдымен, таныс-тамыр арқылы таралады. Оған қоса, кейінгі жылдары әлеуметтік желі мен танымал блогерлердің қатысуымен де кең таралып отыр. Адамдар көбіне өз достары мен туыстары арқылы ұсынылған инвестициялық схемаларға сенеді. Экономика бойынша Нобель сыйлығының лауреаты Ричард Талердің «шектеулі рационалды» тұжырымы бойынша адамдар шешім қабылдауда барлық ақпаратты өндей алмайды, тек қолжетімді немесе көзге көрінетін бөлігін ғана ескереді екен. Демек, Қазақстанда адамдар пирамидалардың уәде еткен жоғары кірісіне қызығып, толық тексерусіз сенеді. Олар схеманың нақты қауіпі мен ықтимал шығындарын ескермей, тек таныстарынан немесе танымал блогерлерден алған ақпаратқа сүйенеді. Алайда бұл когнитивтік қате (herd behavior). Мұндай механизм пирамидалардың зансыз екенін

түсінген адамдардың өздері ескерту жасап үлгермей тұрып, жаңа қатысушыларды тартуға мүмкіндік береді, – деді маман.

PRESENT BIAS ФЕНОМЕНІ

Мамандар жиі ескертіп дабыл қағатын екінші фактор – қаржылық сауаттың төмендігі. Бұл – қарапайым азаматтардың басты әлсіз тұсы. Олар инвестиция мен жинақ ұғымдарының айырмашылығын жете түсінбегендіктен, жоғары табысқа уәде беретін күмәнді ұйымдарға сенім білдіреді. Оған өзге әлеуметтік ортаның ықпалы да бұл құбылысты күшейте түспек.

Пирамидалар көлеңкелі экономикадағы ақша айналымын арттырады. Нәтижесінде, ақша айналымы бақылаудан тыс қалып, бұл жағдай қаржы жүйесінің тұрақтылығына және макроэкономикалық саясаттың тиімділігіне қауіп төндіреді.

– Адамдардың пирамидаларға қызығуының тағы бір себебі – present bias, яғни кешігетін сыйақыға тәзбеушілік феномені. Бұл – үшінші фактор. Аталған тұжырым адам шешім қабылдауда жақын болашақтағы пайданы алыс болашақтағы табысқа қарағанда жоғары бағалайтынын көрсетеді. Пирамидалар қысқамерзімді кіріс уәде етеді: бірнеше апта немесе ай ішінде салымшыларға пайда береді. Ал ұзақішкілді инвестициялар тек бірнеше жылда табыс әкеледі. Сол себептен present bias әсерінен адамдар пирамидалардың қауіпті екенін біле тұра, жылдам пайдаға қызығады. Бұл феномен экономикалық контекстпен де үйлеседі. Инфляцияның жоғары деңгейі, жұмыссыздық, табыс айырмашылықтары сияқты факторлар адамдарды «қазір тез ақша тапсам, бүгінгі қажеттілігімді жабамын» деген ойға итермелейді, – деді А.Ханет.

Макроталдаушы төртінші фактор ретінде алаяқтықты алдын алу бойынша инфракұрылым мен құқықтық жүйенің әлсіздігін алға тартты. Қазақстанда қаржы пирамидаларын тоқтатудағы негізгі қиындықтардың бірі – сот жүйесінің ұзаққа созылуы, тергеу процестерінің бюрократиялық кедергілер негізінде бауылауы, сондай-ақ жауапкершіліктің болмауы. Аягөз ханым бұл факторлар билік органдарына шара қолдануға мүмкіндік бермей, керісінше, схемалардың ұзақ уақыт жұмыс істеуіне жағдай жасайтынын атап өтті.

КЕДЕЙЛІКТЕН ЖЫЛДАМ ТАБЫСҚА ҚҰМАРТАДЫ

Ал экономист Әйгерім Рысбаеваның сөзінше, пирамидалардың тоқтаусыз жұмыс істеуіне елдегі кедейлік пен әлеуметтік теңсіздіктің өсуі де айтарлықтай әсер етіп отыр. Бұл азаматтардың материалдық жағдайын тезірек жақсарту үшін тәуекелді схемаларға, «онай әрі жылдам табыс» табуға итермелейді.

– Халықтың 40%-дан астамы айлықтан айлыққа күн көреді. Соның салдарынан көптеген отбасы қаржы тапшылығын сезінеді. 2024 жылы интернет-алаықтықтың 22,9 мыңнан астам фактісі тіркеліпті. Бұл бірнеше жыл бұрынғыдан бірнеше есе көп. Онлайн-жарнама, әлеуметтік желілер мен мессенджерлер мындаған адамды жылдам тартуға мүмкіндік беріп отыр. Қаржылық мониторинг агенттігінің дерегіне сүйенсек, 2024 жылы 42 пирамида жойылып, азаматтарға келтірілген шығын 20 млрд теңгеден асты. Иә, қоматқы қаражат. Бұл мәселенің ауқымдылығын көрсетеді. Бұдан бөлек, қаржы пирамидаларының кең таралуы елдің беделіне нұқсан келтіріп, шетелдік инвестициялар үшін тартымдылығын төмендетеді, – деді сарапшы.

Кейінгі жылдары қаржы пирамидаларының көбеюі азаматтардың жеке қаражатына ғана емес, жалпы экономикалық тұрақтылыққа кері әсерін тигізіп отыр. Мұндай алаяқтық схемалар қоғамда сенім дағдарысын қалыптастырып, қаржы институттарының имиджіне нұқсан келтіреді. Сарапшылардың айтуынша, бұл құбылыс жеке шығындармен шектелмей, ұлттық қаржы жүйесіне деген қоғамдық сенімді әлсіретуі ықтимал.

– Азаматтар пирамидалардан зардап шеккен соң, олар бүкіл қаржы жүйесіне күдікпен қарай бастайды. Олар үшін банктің депозиттері, инвестициялық қорлар немесе сақтандыру компаниялары да «қауіпті» болып көрінуі мүмкін. Бұл халықтың жинақ ақшасын қолма-қол ұстап, ресми қаржы арналарын айналып өтуге әкеліп соғады, – деді Ә.Рысбаева.

Сөз соңында экономист алаяқтықтан қорғау үшін қаржылық сауаттылықты арттырудың тиімді жолдарын тізіп өтті.

– Біріншіден, құқықтық жауапкершілікті күшейту, яғни ұйымдастырушыларға қатаң жаза қолдану, интернет арқылы жасалған қылмыстарды жедел анықтайтын арнайы бөлімшелер құру қажет. Екіншіден, қаржылық қадағалауды арттыру. Бұл дегеніміз, халықтан қаражат тартатын барлық ұйымды лицензиялау, олардың қызметін қатаң бақылау. Үшіншіден, қаржылық сауаттылықты көтеру. Бұқаралық ақпарат құралдары, әлеуметтік желілер және тренингтер арқылы халыққа қарапайым тілмен түсіндіру жұмыстарын жүргізу, алаяқтық түрлерін, пирамида белгілерін анықтайтын шағын бейнероликтерді көбірек көрсету. Төртіншіден, ынтымақтастықты кеңейту. Банктер, интернет-платформалар, телеком-операторлар және халықаралық ұйымдармен бірлесе әрекет ету, – деді экономист Ә.Рысбаева.

Дегенмен мемлекет тарапынан заннамалық бақылау мен алдын алу шаралары күшейтілгеннен, жеке адамның жауапкершілігі артпайынша, мәселе түбегелі шешімін таппайды.

ҚОҒАМ

21 ТАМЫЗ 2025 | БЕЙСЕНБІ

А Көктем ҚАРҚЫН

(Басы 1-бетте)

«Сергек» камерасы алғаш рет 2017 жылы іске қосылды. Жоба ең алдымен Астанада қолға алынып, бүгінде елордала 10 мыңға жуық камера жұмыс істейді. Былтыр бұл камералар арқылы қала тұрғындарына 9,7 млрд теңге айыппұл салынған. Оның ішінде 6,9 млрд теңге елорданың бюджетіне түскен. Қырағы камералары арқылы қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуге атсалысқан Sergek жүйесі жақында елордалағы жұмысын тоқтатады. Оның орнына жаңа жүйені БАӘ компаниясы енгізеді. Бұл туралы елорда мәслихатының кезектен тыс сессиясында Астана қаласы Цифрландыру және мемлекеттік қызмет басқармасының басшысы Дидар Сүлейменов мәлімдеді. Ақпаратқа сәйкес, «Сергек» жобасын жасаушы «Көркем Телеком» компаниясының Астана өкімдігімен арадағы мемлекеттік-жекеменшік әріптестік келісімі аяқталды. Өкімдік келісімді ұзартпау туралы шешім қабылдаған.

— 2017 жылы «Сергек» жобасы жүзеге асырылды. Биыл 13 наурызда «Көркем Телеком» компаниясымен келісімшарт мерзімі аяқталды. Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында және жобаны одан әрі дамыту тұрғысында G42 холдингіне кіретін Presight халықаралық компаниясымен елорда үшін жасанды интеллект негізінде қалалық инфрақұрылымды басқарудың жобалық шешімін іске асыру жұмысын атқардық. Жаңа жобаны қалыптастыру кезінде қазіргі қолданыстағы жүйенің кемшіліктері ескерілді, — деді Дидар Сүлейменов.

Presight-G42 әмірлік холдингінің еншілес кәсіпорны және жасанды интеллект әзірлеушісі. Ол жалпыға қолжетімді және ADX (Абу-Даби) тізімінде. Оның бүкіл әлем бойынша табысты жобалары бар. Енді Presight компаниясы 2025–2030 жылдар аралығында Астанадағы бейнебақылау жүйесін дамытуға жауапты болады. Жобаға 53 млрд теңге қаржы бөлінеді. Жобаның 100 пайыз шығынын жеке компания көтереді, ал 60 пайызын қазақстандық кәсіпорындар қамтамасыз етеді. Presight төлемдерді тек жоба іске қосылғаннан кейін алады.

— Жобада жол қозғалысы ережелерін бұзудың 15 жазбасы мен 35 бейнеаналитика түрі қарастырылған. Кез келген оқиғаны тез бақылау үшін жедел коммуналдық қызметтерді біріктіретін деректерді өңдеу орталығы ұйымдастырылып, бірыңғай ахуалдық орталық құрылады. Жоба 2030 жылға дейін созылады. Біз адамдар көп шоғырланған жерлерде 100 пайыз бейнебақылауды қамтамасыз ету арқылы қауіптің алдын ала аламыз. Жасанды интеллектті пайдалану процестерді онтайландыруға мүмкіндік береді, — дейді Астана қаласы Цифрландыру және мемлекеттік қызмет басқармасының басшысы.

Оның айтуынша, билік жоба аясында қаланы жедел бақылауға арналған заманауи ситуациялық орталық құрады. Ал үлкен деректерді талдау қалалық процестерді онтайландырады. Ақпаратты қорғау үшін жүйеге кіруді Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен Мемлекеттік күзет қызметі бақылайды.

ШТЕЛДІК КОМПАНИЯ ҮДЕДЕН ШЫҒА МА?

Астанада БАӘ компаниясының жаңа технологиялары енгізіледі деген ақпарат



SERGEK СЕНІМДІ АҚТАДЫ МА?

жарияланған сәтте әлеуметтік желіде түрлі пікір пайда болды. Бір тарап: «Шетелдік жүйе келсе, отандық «Сергектің» тағдыры не болады?» деп аландаса. Екіншісі: «Бәсе-келестік болса, қызмет сапасы артады» деген үмітін білдірді. Ал үшіншісі: «Жаңа жоба шынымен де қауіпсіздік үшін бе, әлде тағы да айыппұл жинаудың амалы ма?» деген сұрақ қойды. Айта кету керек, Presight компаниясы негізінен смарт сити жобалары, жасанды интеллект арқылы талдау және үлкен деректермен жұмыс істеуге маманданған. Яғни, олардың шешімдері жол қозғалысын бақылаумен ғана шектелмей, қаланың барлық инфрақұрылымын цифрлы басқаруға бейімделген. Бұл тұрғыдан алғанда, Астанаға жаңа жүйе тек көлік жүргізушілеріне емес, жаяу жүргіншілер мен қоғамдық қауіпсіздікке де ықпал етуі мүмкін. IT сарапшы Есболат Адиевтың пікірінше, еліміздің болашағы мен қауіпсіздігі үшін, әлемдік IT аренада ешкімге тәуелсіз болғымыз келсе, сөз жоқ 100 пайыз отандық өнімді қолдау керек.

— Шетел компаниялары бұл салада мол тәжірибесі арқылы жылдам нәтиже беруі мүмкін. Қазақстандықтардың жеке деректерімен жұмыс істейтін IT сала шетелге тәуелді болмауы тиіс. Соңғы уақытта бейнебақылау, ақпараттық қауіпсіздік саласындағы Қытай, Ресей, Германия елдері өз өнімдерін дамытып, шетелдік компаниялардың қызметінен бас тартуда. Осы елдер заң тұрғысынан да өз IT компанияларына қолдау көрсетеді. Сол себепті өзіміздің отандық IT компанияларды дамытып, басқа елдердің нарығына шығу арқылы табыс тапсақ жөн болар еді. Осы компаниялар өссе, IT саласына бөлініп жатқан гранттар да желге ұшпасы анық. Қазір көптеген жастар еліміздің IT нарығынан жұмыс таппай шетелдік компанияларда онлайн жұмыс істеп жүр, — дейді Есболат Адиев.

Шынымен де, «Сергекке» дейін елдің ірі қалаларындағы жолдарға ресейлік және



қытайлық компаниялардың камералары орнатылған болатын. Ол кезде әр өңір өз бетінше келісімшарт жасап, түрлі шетелдік фирманың жабықтарын пайдаланатын. Алайда бұл жүйелердің кемшілігі көп болды. Әсіресе, техникалық қызмет көрсету қымбатқа түсті, қосалқы бөлшектерді шетелден алдыруға тура келді. Сондай-ақ деректерді өңдеу мен сақтау процесінде ашықтық болмады. Бақылау камераларының сапасы да біркелкі емес еді, кейбірі ауа райына төтеп бере алмай, жиі істен шығатын.

«СЕРГЕКТІ» ҮЛКЕН СЕНІММЕН ЖАСАҒАН

«Сергек» өз жұмысын Астанада тоқтата да, басқа қалаларда жалғастыруда. Ішкі істер министрлігінің дерегіне сәйкес, бүгінде еліміздің 10 қаласында 34 мыңнан астам «Сергек» камерасы орнатылған.

Жүйенің жұмысын және техникалық қызметін «Көркем Телеком» ЖШС мамандары қамтамасыз етеді. Компанияның негізін қалаушы — Қайрат және Әсет Ахметовтер. Ағайынды азаматтар жобаны нөлден бастағанын, бұған дейін қала көшелерінде тұрған камералардың бәрі еуропалық және қытай компанияларына тиесілі болғанын айтып жүр. Оған қоса, олардың өнімі біздің климатқа сай емес, Қазақстанның заңымен де сәйкес келмейді. Ал «Сергек» Қазақстанның заңдарын, полиция жұмысын ескере отырып құрастырылған. «Сергекті» Үкіметке ұсынбас бұрын алдымен өзіміз тексердік. Жалпы, өзіміздің кез келген жобамызды алдымен лабораториямызда сынақтан өткіземіз. Оның бірден ешқандай коммерциялық пайда әкелмейтіні тағы бар. Біз өзімізге қызық емес жобамен коммерциялық мақсат үшін ғана айналыспаймыз. Лабораториямызда біз ресейлік кешенді алып, «Сергекті» соған сәйкестендірдік», — деп түсіндіреді компания негізін қалаушылар.

2017 жылдан бері іске қосылған «Сергек» жобасы жол қозғалысының мәдениетіне айтарлықтай ықпал етті. Әсіресе, жол апаты жиі болатын қиылыстарда төртіп күшейді, жылдамдықты шамадан тыс

СЕРГЕК ЖОБАСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛҒАННАН БЕРІ:

ЖОЛ АПАТТАРЫНАН БОЛАТЫН ӨЛІМ-ЖІТІМ - 48% ТӨМЕНДЕДІ,

ҚОҒАМДЫҚ ОРЫНДАРДАҒЫ ҚЫЛМЫС ДЕҢГЕЙІ - 67% АЗАЙДЫ,

ЖОЛ ЕРЕЖЕЛЕРІН БҰЗУ ЖАҒДАЙЛАРЫ - 72% ҚЫСҚАРДЫ.

асырғандар азайды. Ішкі істер министрлігінің дерегіне, камера орнатылған аймақтарда апат саны 30–40 пайызға төмендеген.

Елімізде асқан білімді азаматтар өз деңгейіне сай жұмыс таппай, Қазақстаннан кетіп, әлемнің әйгілі компанияларында жұмыс істеуге жиі бел буатынын жоғарыда сарапшылар да айтты. Ал Әсет пен Қайрат негізін қалаған компанияда сондай жастарға шетелдегідей жұмыс істеуге мүмкіндік беріледі. Мұнда мамандар дүниежүзілік IT білімге лайықты жұмыс істейді және мұндағы тәжірибесімен кез келген уақытта Google сияқты беделді компанияларда жұмыс істеп кете алады. Өйткені бұл жерде ең соңғы технологиялармен жұмыс жүргізіледі.

— Шын мәнінде, «Сергек» қаражат жағынан аса табысты жоба емес. Әрі қанша жақсылық жасасаң да жаманатты көп арқалайсың. Бізге тыныш қана ақша табуға болатын басқа жобаларды жүзеге асырып

жүре беруге болар еді. Бірақ ұлттық қауіпсіздік пен мүдде жолында ешкімнен қайтарымын күтпей еңбек етеміз, осы істі жалғастырамыз. Ағам Қайрат екеуіміз үшін Астанадағы Sergek — жай ғана қауіпсіздік жүйесі емес. Бұл — біздің алғашқы үлкен жауапкершілігіміз, қаламен серіктестікте жұмыс істеген бірінші тәжірибеміз. Біз кішігірім жобадан бастадық, бірақ көздегеніміз — қалаларды қауіпсіз әрі жайлы ету еді, — депті бір сұхбатында Әсет Ахметов.

АЙЫППҰЛҒА АШЫҚТЫҚ ЖЕТІСПЕЙДІ

Дегенмен қоғамда «Сергекке» қатысты сын да көп. Жүргізушілердің айтуынша, жоба көбіне қауіпсіздіктен гөрі қазынаға ақша түсіруге көбірек жұмыс істейтіндей әсер қалдырады. Сондықтан болар, камера орнату, айыппұлдарды бөлу жүйесі жөнінде халық толық ақпарат ала бермейді. Осы мәселені былтыр, Мәжіліс депутаты Аманжол Әлтай цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министрі Ростислав Коняшкинке жолдады.

— Қазір қалалардың бәрінде екі аттасқан көзі қызарған бес камера тұрады. Тіпті, үлкен қалаларда адамнан камера көп пе деп қаласын. «Сергек» камералары арқылы салынған айыппұлдың қыруар қаржысы қайда кетіп жатыр? Қанша пайызы мемлекет қоржынына, қанша пайызы жеке қалталарға кетеді? — деп сұрады Аманжол Әлтай.

Вице-министрдің айтуынша, айыппұлдардан түскен қаражаттың бәрі де бюджетке түседі. Шарттар өңірлерде әртүрлі. Әр өңірде мемлекеттік-жекеменшік әріптестіктің қалай орнатылғанына байланысты. Демек, ол шарттарды өкімдіктер камераларды орнатып, инвестицияны қайтару, операциялық шығындарды өтеу бойынша конкурс негізінде жасаған.

— Тағы да айтайын. Әр өңірде пайыз әртүрлі. Әу баста бүкіл айыппұлдардың қаражаты бюджетке түседі. Осыдан кейін бюджеттен инвестиция мен операциялық шығындар өтеледі. Әр өңірде МЖӘ әртүрлі шартпен жасалған, — деді Ростислав Коняшкин.

Ендеше «Сергек» пен Presight — тек цифрлы камера емес, билік пен қоғам арасындағы сенімнің өлшемі. Егер жаңа жоба ашық жүргізіліп, халыққа түсіндірілсе, қала үшін тиімді шешімге айналуы мүмкін.



Елімізде экстрасенстердің, көріпкелдердің, астрологтардың, нумерологтардың және осы бейіндегі басқа да мамандардың көрсететін қызметтерінің көрінетін ақшалай көлемі күрт өскен. 2024 жылы сиқыршылар мен көріпкелдер мемлекетке жалпы сомасы 2,9 млрд теңгенің қызмет көрсетуі туралы есеп берді. Бұл 2023 жылмен салыстырғанда 75 есе көп. Бұл — соңғы бірнеше жылдағы ең жоғары көрсеткіш.

А Әсет ҚАЛИ

BNS есептерінде мұндай мамандардың қызметтері екі түрге бөлінеді: экстрасенстердің қызметі және астрологтардың, рухандықшылардың, көріпкелдердің қызметтері. Біздің елде дәл екінші санатта көрсетілген қызметтер көлемінің айтарлықтай өсуі байқалады. Олардың үлесіне жалпы көлемнің 92,3 пайызы немесе 2,7 млрд теңге тиесілі. Әрине, көрсеткіштер осынау көлемді қызмет нарығының қаны бейнесін көрсет-

пейді. Олар «сиқырлы бизнесін» заңды түрде жүргізгісі келетіндер мен есеп бергендердің қаржылық ағынын ғана көрсетеді. Қазақстанда емшілердің, сиқыршылардың, көріпкелдердің қызметі реттелмегеніне және лицензияланбағанына карамастан, олар заңды түрде жұмыс істеп, салық төлей алады.

КӨРІПКЕЛГЕ КІМ КӨП БАРАДЫ?

Әлеуметтанушы Төлеу Темірланның айтуынша, халықтың неліктен көріпкел-

ҚАЛТА ҚАҚҚАН ҚАРА БИЗНЕС

дерге баратынын бірнеше себеппен түсіндіруге болады.

— Бүгінгі қарбалас өмірде белгісіздік пен тұрақсыздық — адамдарды көріпкелдерге жүгінуге итермелейтін негізгі себептердің бірі. Бүгінгінің экономикалық дағдарыс, әлеуметтік теңсіздік, жұмыссыздық сияқты түйткілдері халықты балама жол іздеуге мәжбүрлеп отыр. Кейбір адамдар үшін көріпкел эмоциялық қолдау мен үміт беретін тұлға сияқты болып көрінеді. Тіпті, мұндай қызмет психологиялық терапияның орнын басып, мәселенің оңай шешілу жолын ұсынады. Сонымен қатар білім деңгейі, әсіресе сыни ойлау қабілеті үлкен рөл ойнайды. Сыни тұрғыдан ойлай алатын адам көріпкелдікке онша сенбесе, мұндай қабілеті төмендер керісінше жиі жүгінеді, — дейді әлеуметтанушы.

Ал психология ғылымдарының докторы Балабек Сақтағановтың сөзінше, адам қиындыққа тап болғанда жеңіл жолды іздеуі — жиі кездесетін құбылыс.

— Адам өмірінде ауыр дертке шалдыққанда немесе тығырыққа тірелген сәтте психикасы өзгереді. Әсіресе, «осы аурудан айықпасаң ше, өліп қалсаң ше?» деген үрей адамды ойланбай әрекет етуге итермелейді. Мұндай сәтте рационалды ойлау әлсірейді де, мистикалық дүниелерге сенім артады. Сол себептен көпшілік көріпкел мен балгерге барып, одан үміт күтеді.

Бұған қоса, қоғамда «Қазақстандағы медицина дамымаған, ал шетелдік әлдеқайда мықты» деген стереотип бар. Бұл да сенімсіздікті күшейтеді. Ал дәрігерге барған кезде анализ тапсыру, нәтижесін күту, диагноз қою, дәрі жаздыру сияқты бірнеше кезеңнен өту керек. Мұның бәрі уақыт алады, науқастың шыдамын сарқып, жүйкесін қажытады. Ал көріпкелге бару әлдеқайда жеңіл. Кірдіп, сұрақ қойды, бірден жауап

алдың. Бұл адамдарға уақытша болса да тыныштық сыйлағандай әсер қалдырады. Психологияда мұны «когнитивті диссонанс» деп түсіндіреміз. Яғни, адам өз ішкі қорқынышы мен белгісіздік сезімін басу үшін сырттан «жылдам жауап» іздейді. Бірақ бұл — қауіпті құбылыс. Себебі көріпкелдерге тым жиі жүгінген адам ақырында олардың өзінше тәуелді болып қалады. Бұл — эмоциялық тәуелділік. Мұндай жағдайда адам өзіне ойлап, нақты әрі дұрыс шешім қабылдауда әлсіздік танытады, — дейді психолог.

СИҚЫРЛЫ ҚЫЗМЕТТІҢ БАҒАСЫ «СОЙҚАН»

Қазақстандағы «сиқырлы қызметтің» бағасы әртүрлі. Бұл саладағы құн көбіне қызмет көрсетушінің өзіне, яғни оның аты шыққан беделі мен жеке брендіне тікелей байланысты. Бір сөзбен айтқанда, кімнің жарнамасы мықты, соның бағасы қымбат.

Бірінші санатқа агрегаторлық порталдарда, электрондық анықтамалықтарда және әлеуметтік желілерде өз қызметін ұсынатындар кіреді. Мұнда емшілердің, көріпкелдердің, таро картасын ашушылардың, нумерологтардың жарнамалары самсап тұр. Көбіне мұндай хабарландыруларда қызмет көрсетушінің аты-жөні де көрсетілмейді. Тіпті, пікірлер, қызметтің нақты сипаттамасы немесе кәсіби тәжірибесі туралы дерек те жоқ. Барлығы қысқа жарнама мәтіні мен байланыс нөмірімен шектеледі.

Астана қаласының тұрғыны Аяжан Дәуітова соңғы кездері осындай кофеханалардың көбейіп кеткені жайлы пікір білдірді.

— Соңғы кезде елордада «карма кофеханалардың» көбейгені қатты байқалады. Әлеуметтік желіден құрбыларымызбен

бірін көріп, қызығып барып көрдік. Бағалары әртүрлі екен: мәселен, бір мәселені шешкіңіз келсе — 5 мың теңге, екі мәселе 10 мың теңге болып кете береді. Ол жерде алдағы 6 айға жоспарыңызды тыңғырлықты айтып береді екен. Алғашында жай естіп жүрдім, бірақ кейін өзім де қызығып, алты айға болашағымды болжаттым. Рәсімнің тәртібі қарапайым: түрік кофеһін ішесіз, кесені төңкеріп қоясыз, сосын кезекке тұрып, болжам аласыз. Ол жердегі бал ашатын қыз саяын ұлтының өкілі болды. Келушілердің қатары өте көп. Өз кезегімді алу үшін екі сағаттай күттім. Маған алты айға жоспар құрып берді. Бірақ бір ескерткендері — осы уақыт ішінде басқа тәуіпке бармауым керек екен, — дейді Аяжан Дәуітова.

Екінші санаттағыларға аты танымал, жеке веб-сайтары бар көріпкелдер мен сиқыршылар жатады. Олардың арасында түрлі телебағдарламаға қатысып, халыққа танылғандары да бар. Мұндай мамандарға сұраныс жоғары болғандықтан, қызмет құны да бірнеше есе қымбат.

Мәселен, зиянды жоюға арналған сиқырлы рәсімнің бағасы 30 мың теңгеден басталады. Бұл — тек ең қарапайым нұсқа. Ал күрделі мәселелер әлдеқайда қымбатқа түседі: нашакорлықтан арылту — 250 мың теңге, отбасынан кеткен жұбайды қайтару — 500 мың теңге. Көріпкелдер тек жеке өмірге емес, бизнеске де көмек көрсетеді. Бір жылға бизнесті жолға қою шамамен 400 мың теңге тұрады. Ал мүлік сату кезінде сиқырлы көмек көрсету құны келісімшарт сомасының 10 пайызын құрайды.

Бұл сегменттегі ең қымбат қызмет — деструктивті, яғни «қара сиқыр» рәсімдері. Мұндай әрекеттердің бағасы 1 миллион теңгеден басталып, одан әрі өсе береді.

Көріпкелдер мен балгерлердің сөзіне сеніп, олардың қызметіне жүгіну уақытша тыныштық сыйлағанымен, түбінде нақты шешім бермейді. Әсіресе, бағасы шарықтап тұрған мұндай қызметтер қарапайым жұрттың қалтасын қағып, алдап-арбауға әкелуі мүмкін. Сондықтан да қоғамға сапалы білім, қолжетімді медицина және кәсіби психологиялық көмек ауадай қажет. Шынайы өмірлік мәселелерді шешудің жолы — ғылым мен білімде, ал «сиқырлы» жолдың түбі үмітсіздікке соқтырады.

БІЛІМ

21 ТАМЫЗ 2025 | БЕЙСЕНБІ

ҰЛТТЫҚ МӘРТЕБЕ – УНИВЕРСИТЕТКЕ АРТЫЛҒАН СЕНІМ



Қарағанды қаласындағы Бөкетов атындағы университет бұдан бұрын зерттеу атағына ие болса, бір апта бұрын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен Ұлттық мәртебесін алды. Осы қуанышты хабарды университет ұжымына салтанатты түрде жеткізу мақсатында Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Парламент Мәжілісінің Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрағасы Асхат Аймағамбетов және депутаттар келді.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ, Қарағанды облысы

Жиын барысында Қарағанды облысының әкімі Ермағамбет Бөлекпаев: — Сіздерді маңызды тарихи оқиғамен — «Ұлттық университет» мәртебесінің берілуімен шын жүректен құттықтаймын! Облыс әкімдігі де жергілікті өз қамқорлығын көрсетуде. Алда бас корпусты да орталықтандырылған жылу жүйесіне қосу жұмысы атқарылмақ», — деп атап өтті.

Сонымен қатар Президент Жарлығының зор мәртебе, әрі университет ұжымына деген сенім екенін министр Саясат Нұрбек өз сөзінде айтып өтті.

— Бұл шешім — университеттің жетістіктері мен ғылым мен білімнің дамуына қосқан үлесінің, ұстаздардың, ғалымдардың, қызметкерлер мен түлектердің еңбегінің мойындалуы. Мұндай жоғары мәртебеге қол жеткізу Президент Қ.Тоқаевтың аймақтарды дамытуға, соның ішінде еліміздің білім беру әлеуетін нығайтуға ерекше мән беретін мақсатты мемлекеттік саясатының арқасында мүмкін болды, — деді ол.

Айта кету керек, Бөкетов атындағы зерттеу университеті өңірлік жоғары оқу орындары ішінде Ұлттық мәртебеге ие болған алғашқы оқу орны.

— Символдық мәні зор жайт — «Ұлттық университет» мәртебесін біз университеттің тұңғыш ректоры, көрнекті ғалым, академик Евней Бөкетовтің 100 жылдық мерейтойы аталып өтіп жатқан жылы иеленді. Евней Арыстанұлы ғылыми мектептің негізін қалап, университеттің рөлін тек Қарағанды облысында емес, ел көлемінде нығайтты.

Өзінің ұзақ та жарқын тарихында университет әрдайым отандық үздік көпсалалы жоғары оқу орындарының қатарынан орын алып келеді. 2024 жылы университеттің зерттеу университеті мәртебесін алуы — басты жетістіктеріміздің бірі. Бакалавриат, магистратура және докторантураның білім беру бағдарламалары ұлттық және халықаралық рейтингтерде жүделі орындарға ие. 2015 жылдан бері университет QS World University Rankings әлемдік рейтингінің үздік 1 000 жоғары оқу орнының қатарына, QS Asia рейтингінің үздік 200 университетінің қатарына және Орталық Азияның үздік 10 университетінің қатарына енді. Webometrics халықаралық рейтингінде университет Қазақстандағы жоғары оқу орындары арасында үздік ондыққа кіреді.

Қазір университетте бакалавриат бойынша — 99, магистратура бойынша — 66, PhD докторантурасы бойынша 19 білім беру бағдарламасы бар, олардың

ішінде 12-сі — инновациялық бағдарламалар. 12 факультетте 14 мыннан астам студент, магистрант және докторант білім алуда. Сондай-ақ шетелдің әртүрлі елінен келген жүздеген шетелдік студент те осы білім ордасында оқиды, — деп атап өтті басқарма төрағасы — Ректор, ҰҒА академигі, заң ғылымдарының докторы, профессор Нұрлан Дулатбеков.

Университет оқытушылары 196 рет «ЖОО-ның үздік оқытушысы» атағын иеленді, 39 мемлекеттік ғылыми стипендияның, 66-сы жас ғалымдарға арналған мемлекеттік ғылыми стипендияның лауреаты атанды. Білім беру, ғылыми және материалдық-техникалық базамыз өзекті ғылыми зерттеулер жүргізуге және заманауи білім беру технологияларын енгізуге мүмкіндік береді.

— Бүгінде біз Ғылым және жоғары білім министрлігінің жоғары стандарттарына сай, университеттердің жаһандық білім беру кеңістігіне сенімді түрде кірігуін қолдап, бағыттап отырған қадамдарына ілесіп отырып, маңызды қадам жасаудамыз. Университеттің даму қарқыны бізге болашаққа сеніммен қарауға мүмкіндік береді.

Біздің табысымыздың көпшілігі — дәстүрден инновацияға көшу, үздіксіз білім мен іргелі білім беруді қамтамасыз ету, халықаралық сапа стандарттарын ұстану, жаңа білім беру технологияларын енгізу және әлемдік еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілікті арттыру, — деді Нұрлан Орынбасарұлы.

Парламент Мәжілісінің Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрағасы, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Асхат Аймағамбетов те өзінің осы университетте оқығанын, ұстаздық қызмет атқарғанын құрметпен атап өтті.

— Бұл — көптен күткен қуанышты жаңалық. Себебі 1991 жылға дейін Қазақстанда екі ғана университет деңгейіндегі жоғары оқу орны болды: ҚазМУ және КарМУ (қазіргі Бөкетов атындағы Қарағанды университеті). Бұл факт КарМУ-дың сол кездегі де, бүгінгі де деңгейі мен әлеуетін айқын көрсетеді. Ол әлеует әлі күнге дейін бар және жаңа деңгейге көтерілуге дайын. Жаңа мәртебе — бұл университеттің жетістіктерін мойындау ғана емес, сонымен қатар ғылым, білім және кәсіби даму үшін жаңа мүмкіндіктердің бастауы. Сонымен қатар ұлттық мәртебе алған университеттің бюджеті де көбейеді. Осының арқасында ұстаздардың еңбекқабқысы көбейіп, университеттің материалдық-техникалық базасы жақсарды, — деп атап өтті Асхат Аймағамбетов.



ЕЛ ЕРТЕҢІН АЙҚЫНДАҒАН БАСҚОСУ

Республика бойынша ұстаздардың бас жиыны — Тамыз конференциясы «Білім келешегі: адал азамат-кәсіби маман» тақырыбында өтті. Астана қаласында өткен жиынға Президент Қасым-Жомарт Тоқаев қатысып, білім саласы мемлекет дамуының стратегиялық өзегі екенін білдірді.

Жиында Мемлекет басшысы білім сапасын дамытуға серпін беретін бес жолды атап өтті. Оның біріншісі — білім сапасын жақсарту. Ғылым мен білім, технология жылдам өзгеріп жатқан уақытта ұстаздар қауымы өзгеріске ілесіп алуы керек. Әрине, ол үшін әрдайым ізденіп, білімінді жетілдіріп, озық тәжірибені менгеріп, әдіс-тәсілді қолдануың қажет. Бірақ озық тәжірибені қаз қалпында көшіріп алып, оны ұлттық болмысқа бейімдемей қолдануға болмайтынын да Президент ескертті.

Екінші мәселе — білім мен тәрбиенің қатар жүруі. Тәрбие болған жерде білім озады. Сондықтан білім мен тәрбиені ұштастыру маңызды. Конференцияда жаңа оқу жылынан бастап «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы жүзеге асырылатыны айтылды. Бұл бағдарламаны мектептермен қоса педагог мамандар даярлайтын жоғары оқу орындары да тәрбие ісінде пайдаланатын болады.

Үшінші басымдық — өскелең ұрпақты әлеуметтік кеселдерден сақтау. Бұл тұста Президент нашакорлық пен лудомания, тұрмыстық зорлық-зомбылық, буллинг және бұзақылық сынды зиянды әдеттер мен күресуде мұғалімдердің рөлін айрықша атап өтті. Мектеп әр бала үшін қауіпсіз жер болу керек екенін баса айтты.

Білім сапасын арттыруға серпін беретін төртінші жол — білім беру үдерісіне цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектіні енгізу қажеттігі. Бұл тұр-

ғыда Мемлекет басшысы: «Біздің міндетіміз — жаһандық үрдістерге бейімделу. Ол үшін білім беру жүйесіндегі цифрлық трансформацияның қарқынын үдету өте маңызды. Цифрландыру мен жасанды интеллектіні игеру білім саласындағы теңсіздікті еңсеріп, оқу сапасын айтарлықтай арттыруға үлес қосады», — деді. Соңғы жылдары жасанды интеллектінің игілігін көріп жүрміз. Өмірдің қай саласында болсын кез келген істі жасанды интеллектінің көмегімен жеңілдетуге болады. Осы мақсатта жоғары оқу орындарында студенттерге ЖИ оқытуға көп көңіл бөліп отырмыз.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы педагог беделін арттыру міндеті әрдайым өзекті екенін жеткізді. Осы орайда «Педагог мәртебесі туралы» заңға ұстаз құқығын қорғау жөнінде өзгерістер енгізу қажет деп санайтынын айтты.

Қорытындылай келсек, биылғы Тамыз конференциясы білімнің бағытын айқындап қана қоймай, ұстаздың қоғамдағы орнын тағы бір мәрте биіктетті. Мұғалім — енді жай ғана сабақ үйретуші емес, ұлттың болашағын қалыптастыратын, әр баланың жүрегіне жарық түсіретін тұлға. Ал мемлекеттің ең үлкен парызы — сол ұстаздың еңбегін бағалап, мерейін асыру.

Ермек БӨРІБАЕВ, I.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің басқарма-төрағасы, ректоры

ҰСТАЗ – БАЛА ЖАНАНЫҢ БАҒБАНЫ

Санаулы күннен кейін жаңа оқу жылы басталады. Бұл шақта ағарту саласының мамандары алдағы жоспар мен мақсат-міндеттерді айқындайтыны белгілі. Биыл Жамбыл облысында тамыз кеңесі «Білім келешегі: адал азамат, кәсіби маман» ұранымен бастау алып, кең көлемде аталып өтті.

Саятхан САТЫЛҒАН, Жамбыл облысы

Атап айтсақ, ауқымды шараға Парламент Мәжілісінің депутаты Гүлдіра Нұрым, Оқу-ағарту бірінші вице-министрі Майра Мелдбекова, құқық қорғау органдарының және басқарма басшылары, Тараз қаласы мен аудан әкімдерінің орынбасарлары, ЖОО ректорлары, ардагер ұстаздар, УЕҰ өкілдері мен ата-аналар қауымы қатысты.

«Баласағұн» мәдениет үйінде өткен конференцияның алдында мектепке дейінгі, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының көрмесі көпшілік назарына ұсынылды. Жиында алғаш болып Оқу-ағарту бірінші вице-министрі Майра Мелдбекова құттықтау сөз сөйлеп, мемлекет тарапынан ұстаздарға көрсетіліп жатқан қолдауларға тоқталды. Сондай-ақ жаңа оқу жылының басты бағыттарын түсіндірді. Ал облыс әкімі Ербол Қарашөкеев ұрпақ тәрбиесіндегі ұстаздардың алатын орны ерек екенін баса айтты.

— Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Ұлттың жаңа болмысы білімді, еңбеккер, жауапкершілігі жоғары, ең бастысы — адал азаматтар арқылы қалыптасады» деген болатын. Бүгінгі білім саласының алдында — осындай жан-жақты, ұлттық және адамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген тұлғаны тәрбиелеу міндеті тұр. Ол үшін ұстаздар тек пән үйретуші емес, адамгершіліктің шамшырағы, рухани кемелдіктің темірқазығы болуы тиіс. Тәуелсіз еліміздің ертені мектеп қабырғасында қалыптасады. Сондықтан әр бала — ұлттың үміті, әр ұстаз — сол үміттің бағбаны, — деді аймақ басшысы.

Жалпы, биыл өңірдің білім саласын дамытуға 344,3 млрд теңге бөлінген. Қазір 26 білім беру нысанының құрылысы

жүргізілуде. Жыл соңына дейін 10 мектеп пен 5 білім ұясына жапсарлас соғылған ғимарат пайдалануға беріледі. Ал 2026 жылы тағы 11 нысан оқушыларға есігін айқара ашпақ.

Биыл «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында Қордай ауданының Қаракерем және Қарасу ауылдарында 300 орындық, сондай-ақ Тараз қаласында 600 балаға шақталған жаңа мектеп пайдалануға берілемек. Бұдан бөлек, Президент тапсырмасына сәйкес 10 мектеп қайта

Биыл өңірдің білім саласын дамытуға 344,3 млрд теңге бөлінген. Қазір 26 білім беру нысанының құрылысы жүргізілуде. Жыл соңына дейін 10 мектеп пен 5 білім ұясына жапсарлас соғылған ғимарат пайдалануға беріледі. Ал 2026 жылы тағы 11 нысан оқушыларға есігін айқара ашпақ.

жаңғыртылуда. Жаратылыстану, робототехника және STEM пәндерінің кабинеттерін, еңбек шеберханаларын, мектеп жиһаздары мен қауіпсіздік құралдарын, сондай-ақ мектеп асханалары мен кітапханаларын жабдықтауға 1,7 млрд теңге қаралған.

Өңір басшысы мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында ұлт болашағының алғашқы іргетасы қаланатынын атап өтіп, балабақшаларда балалардың қауіпсіздігі қырағы қадағалауда болуы керектігін ескертті.

— Қазір цифрландыру мен жасанды интеллект — экономиканы да, қоғамды да дамытудағы негізгі факторлардың бірі. Біздің міндетіміз — жаңа буынды білімді ғана емес, креативті, заманауи цифрлық технологияларды еркін меңгерген тұлға ретінде тәрбиелеу. Ол үшін білім беру жүйесінің цифрлық трансформациясын



Биыл облыс оқушылары республикалық олимпиада қорытындысы бойынша қоғамдық-гуманитарлық бағытта «Ең үздік олимпиадалық команда» атанса, республикалық ғылыми жобалар жарысында 16-шы жыл қатарынан «Ең үздік команда» мәртебесін иеленді. 2024 жылы 360 шебер-педагог «Ы. Алтынсарин» медалімен, 12 зерттеуші-педагог «Білім беру ісінің үздігі» төсбелгісімен марапатталды. Сондай-ақ 3 педагог «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» құрметті атағына ие болды.

— «Баланың күлкісі — ең қымбат қазына, ал оның қауіпсіздігі — мемлекет пен қоғамның қасиетті парызы», — деп ел Президенті атап өткендей, өскелең ұрпақтың амандығы мен тыныштығы — барша-мыздың ортақ әрі маңызды міндетіміз. Бүгінде мектеп — тек білім мен тәрбие беретін орын ғана емес, сонымен қатар әрбір оқушы өзін қауіпсіз әрі жайлы сезінетін, алансыз білім алатын орта болуы тиіс, — деген аймақ басшысы білім беру ұйымдарының бейнебақылау жүйелерін Полиция департаментінің Жедел басқару орталығына 1 қыркүйекке дейін толық интеграциялауды тапсырды.

Сондай-ақ облыс әкімі ерекше қажеттіліктері бар балаларды қоғамға бейім-

деу, мектеп оқушыларының бос уақытын тиімді ұйымдастыру және мектеп директорларының көшбасшылық әлеуетін арттыру, Жұмысшы мамандықтар жылы аясында өңірде жүзеге асырылып жатқан инвестициялық жобаларға қажетті кадрларды даярлау бағытында кешенді шаралар қабылдауды жүктелді.

— Бүгінгі басқосу — жай ғана дәстүрлі жиын емес, бұл — ұлт болашағына ортақ жауапкершілікті бірге аркалап, үлкен мұрат жолында ой тоғыстыратын тағылымды кеңес. Сіздердің еңбектеріңіз ертең ел игілігіне айналады. Сондықтан әр сабақ, әр сөз, әр іс тәрбиелік мәнге, адамгершілік мазмұнға толы болуы тиіс, — деп сөзін қорытындылаған Ербол Қарашөкеев жаңа оқу жылының ұстаздар мен оқушылар үшін табысты болуына тілектестік білдірді.

Жиын барысында білім саласының өзекті мәселелеріне қатысты баяндамалар тыңдалды. Атап айтқанда, Ы.Алтынсарин Ұлттық білім академиясының вице-президенті Анар Төңірбергенова, Назарбаев университетінің Инженерлік және цифрлық ғылымдар мектебінің оқытушысы Азамат Ешмұхамбетов, білім саласы бойынша сарапшы Руслан Қаратабанов, «Бетқайнар» колледжінің директоры Гүлнар Әлімбаева мазмұнды ой-пікірлерін ортаға салды.

Кенесіте білім беру жүйесін дамытуға қосқан үлесі және өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудегі жетістіктері үшін бірқатар сала қызметкері Оқу-ағарту министрінің, облыс әкімінің «Білім беру ісінің құрметті қызметкері», «Облысқа сіңірген еңбегі үшін» төсбелгілерімен, сондай-ақ Құрмет грамотасы мен алғысхаттарымен марапатталды.

Ал Тараз қаласы Жамбыл атындағы №5 мектеп-гимназия «Орта білім беретін үздік ұйым» грантын жеңіп алып, 68 млн теңгелік сертификатқа ие болды. Сонымен қатар «Ең үздік мектеп-лицей», «Ең үздік инновациялық мектеп», «Ең үздік қала мектебі», «Ең үздік ауыл мектебі», «Ең үздік шағын жинақталған мектеп», «Жұмысшы мамандығын даярлайтын үздік колледж», «Үздік ауылдық мектепке дейінгі ұйым», «Үздік қалалық мектепке дейінгі ұйым» және «Үздік шығармашылық зертхана» номинациялары бойынша да үздіктер анықталып, қаржылай қолдау көрсетілді.

21 ТАМЫЗ 2025 | БЕЙСЕНБІ



Биыл халқымыз үшін ерекше тарихи кезең. Жеңістің 80 жылдығы, Кеңес Одағының Батыры, Екінші дүниежүзілік соғыстың даңқты мерген қызы Әлия Молдағұлованың 100 жылдығы қатар тойланып отыр.

ӘЛИЯ МЕН АТТАС арулар

Батырдың ерлігі, қайсарлығы мен отансүйгіштігі ел есінде мәңгілік сақталып, жас ұрпаққа өнеге болып келеді. Бұл атаулы даталарды мерекелеу аясында Ақтөбе облысында бірқатар тағылымды шаралар өтіп жатыр. Облыс әкімдігі батыр қыздың туған күніне орай маусым бойына Әлияның туған жері Қобда ауданында және Ақтөбе қаласында арнайы мерекелік бағдарлама ұйымдастырды. Соның ішінде айрықша әсер қалдырып, ел ықыласына бөленгені — өңірдегі бірқатар елді мекендерде 15 маусым дүниеге келген Әлия есімді қыздар мен олардың аналарын құттықтап, марапаттау рәсімі. Бұл бастама — батырдың рухына тағзым, есіміне деген құрметтің жарқын көрінісі.

Бұл күні, яғни 1925 жылдың 15 маусым күні Әлия Молдағұлова Ақтөбе облысы Бұлақ ауылында Нұрмұхамбет Сарқұлов пен Маржан Молдағұлованың шаңырағында өмірге келген. 6 жасында анасынан айырылады. Әкесі және інісі Бағдат үшеуі қалғанымен, бауыры көп ұзамай көз жұмды. Кейін әкесі қызын нағашы әжесі Тәжікен Молдағұлова мен нағашы ағасы Әбубәкір Молдағұловтың тәрбиесіне береді.

Әлияның шын есімі — негізінен Ылия (Лия). Нағашы ағасы оның тегін өзгертіп, Молдағұлова деп жаздырады. Ал Ылияның Әлияға өзгеріп кетуін зерттеушілер «Ресейде оқып, сонда білім алған кезде Алия, Лия болып өзгерген» деп түсіндіреді.

1933 жылы Әлия ағасы Әбубәкір Молдағұловпен бірге Әулиеата қала-

қалады. Әлия болса осы кезде Рыбинск техникумына оқуға түсіп, майданға сұранады. Ал 1943 жылы спайперлер мектебінде оқып, сол жылы майданға аттанды.

Ақтөбе облысында батыр қызбен аттас үш мыңнан астам қыз-келіншек бар. Облыстық халыққа қызмет көрсету орталығы ұсынған деректерге сүйенсек, 1945 жылдан 2025 жылдың 15 маусымына дейін Ақтөбе өңірінде «Әлия» және «Алия» есімді 3 516 қыз дүниеге келген. Әсіресе, 1980—1990 жылдары бұл есімнің аса танымал болғаны анықталды. Бүгінде де ата-аналар қыздарына Әлия есімін жиі қояды,

да да тарихи мәні зор оқиға тіркелді: биылғы 9 мамыр — Жеңіс күнінде дүние есігін ашқан егіз қызға «Әлия» мен «Мәншүк» есімдері қойылды. Бұл таңдау — батыр қыздардың достығы мен ерлігін ұлықтаудың, бүгінгі ұрпаққа үлгі етудің ерекше белгісі іспеттес.

Сәбилердің анасы Гүлжазира Нұрланқызы Әлия Молдағұлованың ауылында туып-өскен. Кейін Мұғалжар ауданына тұрмысқа шыққан ол өзінің батыр апасының рухына тағзым ретінде қыздарына осы есімдерді беруді жөн көргенін айтады.

«Әлия мен Мәншүк — мен үшін әйелдің ғана емес, тұтас ұлттың на-



Ақтөбе облысында батыр қызбен аттас үш мыңнан астам қыз-келіншек бар. Облыстық халыққа қызмет көрсету орталығы ұсынған деректерге сүйенсек, 1945 жылдан 2025 жылдың 15 маусымына дейін Ақтөбе өңірінде «Әлия» және «Алия» есімді 3 516 қыз дүниеге келген. Әсіресе, 1980—1990 жылдары бұл есімнің аса танымал болғаны анықталды.

сына көшеді. Сол жерде № 11 мектепте оқиды. 1935 жылы ағасы әскери академияға оқуға түсіп, отбасы Мәскеу қаласына қоныс аударады. Ал 1938 жылы Ленинградқа көшеді. Мұнда № 9 мектепте білім алады. Тарихқа сүйенсек, Молдағұловтар отбасы Ленинградта бір бөлмелі пәтерде тұрып, Әлия мектеп-интернатқа қоныстанады. 1941 жылы 22 маусымда соғыс басталып, Ленинград қоршауда

бұл — ұрпақ сабақтастығы мен ұлттық рухтың айқын дәлелі.

Сондай-ақ облыс бойынша «Молдағұлова Әлия» немесе «Молдағұлова Алия» есімді 5 азаматша бар екені белгілі болды. Олардың ішінде Ақтөбеде — 3, Алға ауданында — 1, Әйтеке би ауданында тағы бір батырмен аттас бойжеткен өмір сүреді.

Ерекше назар салатын жайт — Мұғалжар ауданы Қандыағаш қаласын-

мысы мен қайсарлығының символы. Екеуі де Отан үшін жанын қиып, тарихта өшпес із қалдырды. Мен олардың ерлігін бала күнімнен тындап өстім, әрқашан сүйсінетінмін. Қыздарым да сол батыр апалары секілді елін сүйетін, қайсар да намысты болып өссін деп армандаймын», — дейді ол.

Әлия Молдағұлованың есімі тек өткеннің тарихы емес, бүгінгі күннің де рухани тірегі болып отыр. Ақтөбеде сәбилерге жиі қойылатын «Әлия» есімі — халықтың батыр қызға деген махаббатының, тағзымының айғағы. Жеңістің 80 жылдығы мен Әлияның 100 жылдығына орай ұйымдастырылған шаралар, жаңа туған сәбилерге қойылған есімдер — барлығы да ел тарихын қастерлеудің, болашаққа рух берудің жарқын мысалы.

ЭТНОЭКСПЕДИЦИЯ ЖОЛҒА ШЫҚТЫ

Ұлытауда этнотуризмді насихаттайтын халықаралық экспедиция жолға шықты. Жол талғамайтын көлік мінген саяхатшылар өңірдегі тарихи орындарды аралайды.



Экспедиция құрамында еліміздің журналистері, Өзбекстан, Қырғызстан, Ресей мен Әзербайжаннан келген саяхатшы-блогерлер бар. Бір аптаға жоспарларған сапарда олар Жезді, Қарсақбай, Шенбер елдімекендерінде және Бұланты, Білеуті өзендерінің жағасында аялдайды. Бұл жерлерде кезінде жоңғарлармен пешуші шайқастар болған. Торғаймен шекарадағы Ақжар тауына шығып, туристер үшін ақпараттық контент әзірлейді.

«Қазір саяхатшылар бес жұлдызды қонақүйі бар, жайлы жағдай жасалған сапарлардан жалықты десем қателеспеймін. Оларға осындай экстремалды туризм ұнайды. Біздің сапардың мақсаты Ұлытау даласындағы көрікті орындарды насихаттау. Ол жерлерге далалық жолмен қалай жетуге болатынын көрсету. Мен үшін өте қызықты сапар болғалы тұр», — экспедиция мүшесі Махмұдбек Касимов.

КӨКПАРДАН ЧЕМПИОНАТ ӨТІП ЖАТЫР

Алматы облысында көкпардан XIII Қазақстан чемпионаты өтіп жатыр. 14 команда қатысатын бәсекенің жұлде қоры — 8 млн теңге. Жарыс қорытындысы 23 тамызда белгілі болады.

Дүбірлі долаға Алматы, Шымкент қалалары мен Алматы, Атырау, Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Маңғыстау, Қызылорда, Түркістан, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай, Ұлытау, Жетісу облыстарынан 2008-2010 жылы туған жасөспірімдерден жиналған командалар жиналды.

— Көкпарға қатысу үшін темір білек қана емес, батыл жүрек те керек. Қазақтың әр баласы батыр. Көкпаршы шахматшы да, боксшы да, ғалым да бола алады. Қаншама чемпиондар осы көкпардан шыққан. Алдағы уақытта халық сүйіп тамашалайтын бұл ойынды клубтық бағытта дамыту жоспарымыз бар. Біз командалық көкпарды жоғарғы деңгейге шығарғымыз келеді. Бұл осы

спорттың дамуына үлес қосып жүрген әр жасөспірім үшін де үлкен мүмкіндік болмақ, — деді Көкпар федерациясы президенті Айдарбек Қожаназаров.

Талғар ауданында өтіп жатқан сайыстың жұлде қоры — 8 250 000 теңге: Жөнімпаз командалардан бөлек, «Үздік шабуылшы ат», «Үздік қорғаушы ат», «Үздік жекпе-жек ат», «Үздік ойыншы» номинацияларының жеңімпаздары қаржылай сыйлыққа ие болады.

Чемпионатты Алматы облысының әкімдігі қолдауымен Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитеті мен Көкпар федерациясы ұйымдастырды. Жобаның мақсаты — жасөспірімдерді көкпарға баулу.



СПОРТТАН ТӨРТ ЖЫЛҒА ШЕТТЕТІЛДІ

Қазақстандық теннисші Арысланбек Айтқұловтың антидопинг ережелерін бұзғаны анықталды.

Теннис әділдігін қамтамасыз ету жөніндегі халықаралық агенттігінен (ИТА) тараған мәліметке қарағанда, одан 2024 жылдың қаңтарында алынған сынамадан тыйым салынған LGD-4033 және метилгексанамин табылған. 21 жастағы Арысланбек Айтқұлов ағзасына тыйым салынған заттардың байқаусызда түскенін дәлелдей алмады.

Әлемдік рейтингте 2023 жылы қарашада 1 250-ші орынға дейін көтерілген қазақстандық теннисші 2024 жылы қаңтарда Дохадағы ITF турнирі кезінде сынама тапсырған. Оның қанынан тыйым салынған заттар

табылғаннан кейін теннисші уақытша жарыстан шеттетілген. Биыл 30 маусымда қашықтан тыңдалым болып, тәуелсіз трибунал Арысланбек Айтқұловты жарыстарға қатысудан 4 жылға шеттетті. Ойыншы қатысқан турнирлердің оған қатысты нәтижелері, тапқан табысы мен рейтингтік ұпайларының күші жойылады.

Шеттету мерзімі 2024 жылғы 23 наурыздан басталып, 2028 жылы 22 наурызда аяқталады. Осы уақытта қазақстандық теннисшіге кез келген теннис шараларына қатысуға, ойнауға және жаттығу жасауына тыйым салынады.

Бетті дайындаған Асыл ТҰМАР



AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абаал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Бәні ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklatama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4632
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Муканов көшесі, 223 б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,